



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ИНДЕКСІ

Алматы биылғы жылды
жоғары көрсеткішпен
қорытындылады

2

НАРЫҚ



КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

ел бойынша жұмыс істеп
тұрған ШОБ-тың 16,7%-ы
шаһарда шоғырланған

2

САЯСАТ



ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ӨМІР

Алматының даму
жолындағы басты
басымдық

3

МӘСЛИХАТ

САПА – БАСТЫ НАЗАРДА

Алматыда жаңа құрылыс нысандарын тексеру тәртібі бекітілді

Алматы қаласы
мәслихатының кезектен тыс
XXVI сессиясында қаланың
құрылыс саласын реттеуге
бағытталған маңызды
құжаттар – Құрылыс ережелері
мен Қала құрылысы
регламенті қабылданды.

Бұл шаралар қауіпсіз, тұрақты және
қолайлы қалалық орта құруға, нүктелік
құрылысқа тосқауыл қоюға және құры-
лыс сапасын бақылауға бағытталған.

Құрылыс ережелері жаңа нысандарды
жобалаумен салу, сондай-ақ бар нысан-
дарды қайта жаңғырту үшін нақты пара-
метрлерді белгілейді. Абай даңғылы мен
әл-Фараби даңғылы арасындағы құрылыс
үшін биіктік шектеулері енгізілді: барлық
типтегі ғимараттардың биіктігі 9 қабат-
тан және 35 метрден аспауы тиіс. Бірегей
нысандар үшін бұл ереже қолданылмай-
ды. Құрылыс барысында тарихи архитек-
туралық мұраны сақтау және таулы ай-
мақтарда экологиялық талаптарды сақтау
ерекше назарға алынған.

Қала құрылысы регламенті Алматы-
ның 2040 жылға дейінгі Бас жоспарымен
жүзеге асыруға негіз болмақ. Құжатта
аумақты зоналау, инфрақұрылым объекті-
лерін орналастыруға қойылатын талаптар



және қалалық орта тұрақтылығының па-
раметрлері қарастырылған. Регламент
экологиялық жағдайды жақсартуға және
қала тұрғындарының өмір сапасын арт-
тыруға, сондай-ақ инвесторлар үшін
процедураларды жеңілдетуге бағыттал-
ған. Әкімшілік тосқауылдарды және

тәуекелдерді азайту Алматыны бизнес
үшін тартымды етіп, құрылыс саласының
дамуын ынталандырады. Жаңа нормалар-
дың енгізілуі сыбайлас жемқорлық тәуе-
келдерін төмендетуге және қала құрылы-
сы процестерінің ашықтығын арттыруға
көмектеседі.

3

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №110 (6561) 27 желтоқсан, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

«ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ!»



Алматыда ел Президенті атынан Қазақстан балаларына арналған дәстүрлі шырша тойы өтті.
Биылғы жаңажылдық шырша мерекесі «Таңғажайып Жаңа жыл» деп аталып, оған 400 бала
шақырылды. Олардың қатарында ата-ана қамқорлығынан тыс қалған, аз қамтылған және
көпбалалы отбасы мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, сондай-ақ оқуда, спортта
және шығармашылықта зор жетістікке жеткен дарынды балалар бар.

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

27.12.2024

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

28.12.2024

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

29.12.2024

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz





НАРЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ИНДЕКСІ

Биылғы жылды Алматы қаласы жоғары көрсеткішпен қорытындылады

Бүгінде әлемнің озық экономикалары салалық бағытта дамығандығымен және адам капиталы әлеуетімен анықталады. Алматы қаласы тек елімізде ғана емес, бүгінде Азия континентіндегі бірден-бір қалыптасып, ұлғайып келе жатқан экономикалық хабқа айналды. Биылғы жылды Алматы қаласы өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары көрсеткішпен қорытындылады. Бұл қаламыздағы жүйелі даму стратегиясы мен мемлекет тарапынан экономикалық секторды қолдаудың нәтижесі деп білеміз. 2024 жылы Алматыда жеке кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтар саны 942000-ға жетті. Орта және шағын кәсіпкерлік саласы қаладағы жаңадан ашылған жұмыс орындарының 80%-ын құрайды. Мақаламызда Алматы қаласының 2024 жылы экономика саласында жеткен жетістіктері мен мүмкіндіктерін талдап көрелік.



(Дереккөз: www.midjourney.com)

ланған, бұл шағын және орта бизнестің тағы 2 мың жаңа жобасын қолдауға мүмкіндік береді.

Алматының инвестициялық тартымдылығы 2024 жылы арта түсті. Жалпы қала экономикасына биыл 2 трлн теңге құйылса, 2025 жылы 2,3 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр. Негізгі бағыт құрылыс, көлік инфрақұрылымы, білім, медицина, цифрландыру және «жасыл» технологиялар сияқты салаларға бағытталған.

Халықтың әл-ауқатын арттыру маңызды

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, XXI ғасырда мемлекеттің басты қызметі азаматтардың қоғам мүддесі үшін жүзеге асыратын жобаларына барынша жағдай жасап, қолдау. Бұл Алматы қаласында толықтай орнықты. Қала қоржыны шағын және орта кәсіпкерлер тарапынан жыл сайын түсетін салықтар мен жарналар арқылы толығуда. Республика бойынша Алматының шағын және орта кәсіпкерлерге жайлы орта қалыптастыра алуының негізгі екі себебі биыл айқын көрінді. Біріншіден, логистика және ашық бәсеке. Бүгінде жалпы тұрғыны екі миллионнан асатын мегаполисте ашық бәсеке мен ауқымды тұтынушы нарығы қалыптасқан. Мұндай бәсекеге қабілетті нарық қалыптастырған қалаларда шағын кәсіпкерліктің

тез қанат жайып, жаңа салаларды тиімді меңгеруі бүгінгі күннің шындығы. Екіншіден, қалалық әкімшілік, уәкілетті мекемелер тарапынан жолға қойылған бірыңғай қолдау жүйесі Алматы экономикасында шағын және орта кәсіпкерлердің үлесінің артуына бірден-бір жайлы жағдай қалыптастырған.

Тұтынушылық белсенділік артқан

Нәтижесінде қалада жұмыссыздық деңгейі төмендеп, еңбекке қабілетті азаматтар арасында тұтынушылық белсенділік артқан. Алматы әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, қазіргі инфляцияны ескере отырып, Алматыда 2024 жылы орташа айлық жалақы нақты мәнде 6,1%-ға өсіп, 470 мың теңгеге жеткен. Бұл IT, қаржы және қызмет көрсету сияқты жоғары жалақы төленетін салалардың қарқынды дамуымен тікелей байланысты болып отыр. Жылдық инфляция 2024 жылдың соңына дейін 8,5%-ға дейін, ал 2025 жылы 7,5%-ға дейін баяулайтыны сарапшылар тарапынан айтылуда. Сәйкесінше, ұзақ мерзімді алғанда, бұл көрсеткіш қала экономикасының өсіп, алматылықтардың әл-ауқатының артуына тікелей әсер етті.

Алматының 2050 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес, негізгі даму бағы-

тының бірі – халықты тұрақты жұмыспен қамту мәселесін шешу. Ішкі миграция, халықтың табиғи өсімі есебінен, жыл сайын позитивті миграциялық сальдо көрсетіп отырған қала үшін азаматтардың тұрақты жұмыспен қамтылуы – басты құндылық. Биылғы жылдың қорытындысы бойынша, жыл басынан бастап 68 мың жұмыс орны құрылған. Нәтижесінде қаламызда жұмыссыздық деңгейі 4,6%-ға дейін төмендеп отыр. Бұл мемлекет тарапынан жүйелі жолға қойылған әлеуметтік бағдарламалар мен мемлекеттік қолдау шараларының арқасы.

Ел тарихында алғаш рет қалалық бюджет 2,2 трлн теңгеден асты

Алматы қаласының мәслихаты желтоқсан айында 2025–2027 жылдарға арналған бюджетті талқылады. Ел тарихында алғаш рет 2025 жылға арналған қалалық бюджет 2,2 трлн теңгеден асқан. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда, 2 есе жоғары. 2023 жылдың басынан бастап Алматы қаласының әкімдігі ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін жобалық құжаттарды дайындау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 2025 жылы даму бюджеті 2022 жылмен салыстырғанда, 2,2 есе өсіп, 458 млрд теңгеге жеткен. Нәтижесінде Алматы экономикалық тұрақтылық индексі бойынша Орталық Азияның көшбасшысы болып отыр.

Қорытындылай келе, Алматы мегаполис ретінде, биылғы жыл қорытындысы бойынша экономикалық өсу қарқыны, жыл басында, 5,5% өседі деп жоспарланғанына қарамастан 6,6%-ды құрады. 2025 жылы бұл өсім 7,4%-ға дейін жетеді деген болжам бар. Мұндай көрсеткіштер экономиканың маңызды салаларын жүйелі қолдау мен шағын және орта бизнестің (ШОБ) айтарлықтай үлесінің нәтижесі деп білеміз. Биылғы жылды қаламыз үшін экономикалық сала бойынша жағымды көрсеткіштермен қорытындылап, келер жылдан тұрақты экономикалық өсім күтеміз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

ел бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ-тың 16,7%-ы Алматыда шоғырланған



(Дереккөз: www.dalanews.kz)

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Орталық коммуникациялар қызметінде дәстүрлі брифингке қатысқан еді. Ол өз баяндамасында Алматы экономикасының басты драйвері шағын және орта бизнес деп мәлімдеген. Қалада жұмыс істейтіндердің 85%-ы осы салада қызмет ететінін айтқан. Бұл – 942 мыңға жуық адам. Біз осы мақалада бұл мәселеге тереңірек үңіліп талдадық. Оның ішінде шағын бизнеске ерекше назар аударылды.

Алматы экономикасының басты драйвері

Биыл шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында бюджеттен 53 млрд теңге бөлінді. Барлық қаражат 1800 жобаны қолдауға бағытталды. Әкімдік бұл мақсатқа 2025 жылы бұдан да көп қаражат бөледі жоспарлауда. Нақтырақ айтар болсақ, 71 млрд теңге 2 мың жобаны қолдауға бөлінбек.

Бөлінген қаражаттан не күтуге болады?

Әкімдіктің есебі бойынша 2030 жылға қарай шағын және орта бизнестің қала экономикасындағы үлесі 75%-ға жетпек. 2024 жылы бұл көрсеткіш 60% болды. Бұл қала экономикасының басым бөлігі осы салаға тиесілі болып қала беретінін көрсетеді.

Экономикада шағын және орта бизнес үлесі көп болған сайын жүйе тұрақты дамиды. Бәсекелестік өсіп жұмыспен қамтылғандардың саны артады. Бұл Алматы қаласын өзге қалалар мен өңірлерден ерекше етеді.

Алматы қаласында шағын және орта бизнесті дамытуға барлық жағдай жасалған. Мұны Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері растайды. 2024 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша елімізде 2,2 млн-нан астам шағын және орта бизнес субъектілері тіркелген. Оның 2 млн-нан астамы жұмыс істеп тұр.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша қарайтын болсақ, Алматы қаласы сөзсіз көшбасшы екеніне көзіміз жетеді. Қалада 416 мыңнан астам ШОБ тіркелсе, оның 366 мыңнан астамы тұрақты жұмыс істейді. Демек, ел бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ-тың 16,7%-ы Алматыда шоғырланған.

Келесі орынға Астана қаласы жайғасқан. Бас қалада 279 мыңнан тіркелсе, оның 247 мыңы жұмыс істеп тұр. Үштікке Түркістан облысы енді. Онда 200 мыңнан астам ШОБ жұмыс істеуде. Кейінгі орындарды Алматы, Жамбыл облыстары және Шымкент қаласы иеленген.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып тағы бір қызық заңдылықты байқауға болады. Елімізде ШОБ-тың басым бөлігі оңтүстік өңірлерде тіркелген. Бұл атылмыш өңірлердегі халықтың кәсіпкерлікке бейім келетінін көрсетеді.

	Тіркелген ШОБ	Жұмыс істеп тұрғаны
ҚР	2 269 158	2 071 305
Алматы қ.	416 653	366 266
Астана қ.	279 359	247 198
Түркістан облысы	216 917	209 045
Алматы облысы	151 512	141 499
Шымкент қ.	148 178	136 532
Жамбыл облысы	118 365	104 278

Кесте статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып құрастырылды.

Шағын бизнестің әлеуеті қандай?

Алматыда шағын бизнестің өзі жеке сала.

Қалада 2024 жылдың үшінші тоқсанындағы жағдай бойынша 100 мыңнан астам шағын бизнес субъектілері жұмыс істейді. Мұны статистика бюросының мәліметтері көрсетті.

Қалада 100 мыңнан астам шағын бизнес болса, онда 515 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Олардың орташа жалақысы 424 мың теңге.

Аудандар бойынша ерекшеліктер бар. Саны жағынан Алматы ауданы көш бастап тұр. Онда 23 мың шағын бизнес субъектісі бар. 119 мың адам жұмыс істейді. Орташа жалақысы 378 мың теңге. Одан кейін Бостандық және Медеу аудандары тұр. Бір ерекшелігі, Бостандық ауданында шағын бизнес аз болғанымен орташа жалақы Алматы ауданынан әлдеқайда жоғары.

Жұмысшы саны бойынша Жетісу Әуезов ауданынан алда тұр. Ондағы шағын бизнестің саны анағұрлым аз екенін ескерсек бұл жақсы көрсеткіш. Себебі, жұмыспен қамту көрсеткіші жоғары.

Орташа жалақы бойынша Медеу ауданы көш бастап келеді. Шағын бизнесте жұмыс істейтіндердің орташа жалақысы 580 мың теңгеден астам.

	Шағын бизнес саны	Қызметкерлер саны	Орташа жалақы
Алматы қ.	100 560	515 368	424 062
Алматы	23 004	119 199	378 851
Бостандық	22 890	118 633	557 121
Медеу	15 854	91 103	580 780
Әуезов	12 989	52 577	260 246
Жетісу	8 422	54 184	295 807
Түркісіб	6 905	35 746	377 686
Алатау	6 595	29 003	229 338
Наурызбай	3 901	14 923	302 837

Кесте статистика бюросының мәліметтеріне сүйене отырып құрастырылды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





МӘСЛИХАТ

КОНФЕРЕНЦИЯ

САПА – БАСТЫ НАЗАРДА

Алматыда жаңа құрылыс нысандарын тексеру тәртібі бекітілді



(Басы 1-бетте)

Сессия барысында депутаттар сондай-ақ, Құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылыс жайлардың тіреу және (немесе) қоршау конструкцияларын тұрғызуға және реконструкциялауға қойылатын талаптарға сәйкестігін инспекциялау үшін құрылыс нысандарына бару тәртібін бекітті, оған сәйкес рұқсат беру құжаттамасынсыз, бекітілген жобалау-сметалық құжаттамадан ауытқусыз құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу фактілері инспекциялауды жүргізу үшін негіз бола алады. Осылайша тәртіп оның бастапқы кезеңінде заңсыз құрылыстың жолын кесуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте объектіде тиісті түрде хабарланған мүдделі тұлғаның болмауы жоспардан тыс тексеру жүргізу нормаларынан айырмашылығы инспекциялау жүргізуге кедергі болып табылмайды. Сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексерулер жүргізуді жалғастырады. Алайда, келесі кезеңде инспекциялау шеңберінде бұзушылықтар анықталған кезде жаңашылдық аудан әкімдігінің хаты негізінде шаралар қабылдау үшін жедел тексеру жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мәслихат Алматыдағы кондоминиумдарды басқару және жалпы мүлікті күтіп ұстау үшін 2025 жылға ар-

налған 1 м² үшін 40 теңге мөлшерінде ең төменгі шығын мөлшерін бекітті. 2010 жылы белгіленген бұрынғы тариф 1 м² үшін 25 теңге болды. Алайда, соңғы 14 жылда құрылыс материалдары бағасының өсуі, жұмысшылардың жалақысының артуы және тұрғын үй қызметтерінің сапасына қойылатын талаптардың жақсаруы сияқты экономикалық жағдайлар ескерілді. Жаңа минималды тарифті есептеу үшін бекітілген әдістеме қолданылды, ол инфляцияны ескере отырып, жыл сайын түзетуді қарастырады. Депутаттар жаңартылған минималды тариф тұрғын үй объектілерін тиісті күтіп ұстауды қамтамасыз етуге, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мегаполис тұрғындары үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сондай-ақ, Алматыда тұрғындарға қажетті дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда, бұл стационарлық және амбулаторлық жағдайларда жүзеге асырылуда. Алайда, республикалық бюджеттен алты түрдегі онкологиялық және орфандық ауруларды емдеуге қаржыландыру механизмі жоқ, науқастар санының өсуі және жаңа аурулардың пайда болуы қосымша дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету қажеттілігін туындатты. Бұл бұрын науқастар өз қаражатына сатып алуға мәжбүр болған 5 түрдегі препараттарға қатысты. Осыған орай, сессия барысында депутаттар мәслихат шешіміне өзгерістер енгізіп, Алматыда тіркелген белгілі бір азаматтық топтардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілу көлемін кеңейтті.

Әзірлеген

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР

Мәслихаттардың құрылғанына – 30 жыл!

Алматыда «Мәслихаттарға 30 жыл: Алматы мәслихатының қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Сенат пен Алматы мәслихатының депутаттары, мәслихаттың экс-хатшылары, қоғам және саяси қайраткерлер қатысты.

Қала басшысы өткен үш онжылдықта мәслихаттардың рөлі айтарлықтай артқанын атап өтті. 2022 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен ең маңызды саяси реформалардың бірі жүргізілді. Республикалық референдум қорытындысы бойынша Конституцияға түзетулер қабылданды, онда биліктің барлық тармақтарының, оның ішінде жергілікті өкілетті органдардың қызметін жетілдіру жөніндегі нақты шаралар белгіленді.

2023 жылы Алматы мәслихатына сайлау алғаш рет жаңа ережелер бойынша өтті. Депутаттық корпус 67%-ға жаңарды және аралас қағидат бойынша 50% – партиялық тізімдер бойынша, 50% – өзін-өзі ұсынушылар бойынша құрылды.

«2022 жылдан бастап біз Алматының барлық саладағы жүйелі дамуын анықтайтын 20-дан астам стратегиялық құжаттарды қабылдадық. Бұл қала аумағын абаттандыру, жасыл желектерді күтіп ұстау

және қорғау қағидалары, «Алматы қаласының 2030 жылға дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмектің бірыңғай стандарты» бағдарламасы, 2030 жылға дейінгі тұрғын үйді қайта жаңарту бағдарламасы, құрылыс салу қағидалары, Қалақұрылыс регламенті және басқа да құжаттар. Бұл маңызды бастамалар-тұрақты комиссияларда және мәслихаттың депутаттық фракцияларымен бірлескен белсенді жұмыстың нәтижесі», – деді Ерболат Досаев.

Қала әкімі алдағы жылдары Алматыны жайлы қалалық ортаға, әлемнің түкпір-түкпірінен инвестициялар мен таланттар кеңінен тартылатын әрі дамуың жоғары деңгейі бар ең заманауи мегаполистердің біріне айналдыру және терең трансформациялау бойынша маңызды міндеттер тұрғанын айтты.

Сөзінің соңында шаһар басшысы депутаттарды құттықтап, оларға Алғыс хаттарды тапсырды.

САРАПТАМА

ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ӨМІР

Алматының даму жолындағы басты басымдық

Елдегі ең ірі мегаполис ретінде Алматы қаласына артылған міндет қашан да ауыр. Ең кемінде өзге қалалар мен өңірлер Алматыға қарап бой түзейтіндіктен заманауи урбанистикалық талаптарды алдымен еңсеру де осы шаһардың мойнына жүктелген. Тәуелсіздік жылдарындағы ішкі миграция мен урбанизацияның әсері де қалаға түсетін қысымды жыл сайын ауырлатып жатқаны тағы бар.

Ал жаһандық тенденция заманауи мегаполистерге қойылатын талаптарды да жылдам жаңарту үстінде. Осындай қат-қабат сын-қатерлерге қарамастан алып шаһар өзінің кезеңдерге бөліп жоспарлаған міндеттерін атқарып келе жатыр. Қаламыз үшін соңғы екі жыл болашақ үшін ең маңызды стратегиялық қадамдарды жасаған кезең болды. Бұны осы уақыт аралығында жүзеге асырылған істер мен қолға алынған жобалардан көруге болады.

ЗАМАН СЫНЫ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

Республикамыз үшін Алматы қаласы түрлі қырынан маңызға ие. Дегенмен, өңірлер арасында мемлекеттік бюджетке қол жаймайтын, табысты қала ретінде шаһардың экономикалық маңызы алға шығады. Бұл тұрғыда экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету басты міндет болып қала береді. Егер әр өңірлерді экономикалық тұрақты өсімі тұрғысынан бағаласақ та, қаламыздың бәсі жоғары түсетіндей. Айталық, 2023 және 2024 жылдары қаламыз экономикалық

өсімнің тұрақты әрі жоғары деңгейін сақтап қалды. Былтыр пандемиядан кейінгі экономикалық қарқынның жоғары шегін жаңартқан болса, биыл өсім қарқыны 5,5 пайыз деңгейін ұстап қалды. Бұл дегеніміз, жалпы республикалық орташа өсім деңгейінен жоғары көрсеткіш. Осының өзінен Алматы қаласының республикамыздағы экономикалық маңызын түсінуге болатындай. Қазіргі экономикалық индикаторына қарай отырып, келесі жылы өсімді 6,4 пайызға жетуі мүмкін деп болжауға болады.

Дегенмен, заман сыны жүктеген міндеттер жалаң экономикалық өсім қарқынымен шектелмейді. Атап өткеніміздей, жаһандық тенденцияда ірі мегаполистер тап болатын сын-қатерлер жыл өткен сайын жаңарып, түрленіп келеді. Әсіресе, мәдени орталық ретінде Алматыны жабайы урбанизация қауіптерінен қорғап қалу қаланың басты міндеттерінің біріне жатады. Бұл үшін шаһардың заманға сай шырайлана түсуімен қатар өзінің дәстүрлі бет-бейнесін сақтап қалуы да маңызды.

Себебі, қалалық бірегейлік болмаған жерде бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету қиынға соғады. Оның үстіне, әр шаһардың өзіне тән бірегей болмысының болуы инвестициялық тартымдылыққа да әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, 2022 жылы қыркүйекте қабылдаған қаланың 2030 жылға дейінгі бағдарламасында сапалы көріктендіру және бау-бақшалы қала мәртебесін қайтару міндеті басты орынға қойылған.

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Орта мерзімді перспективада Алматының басты мақсаты – тұрғындар үшін жайлы да қауіпсіз заманауи қала болып құрылу. Бұл

мақсатқа жету жоғары да атап өткен міндеттерден ғана тұрмайтыны белгілі. Заманауи мегаполистерге қойылатын талаптарға сәйкес онтүстік астана өзінің инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымын жаңарту үстінде. Бұған қоса, географиялық сын-қатерлерге алдын ала дайын болу үшін сейсмикалық қауіпсіздікті күшейту жұмысын қатар алып жүруге міндетті. Екі жылдан бері алматылықтарды алаңдатқан бұл мәселе қала басшылығының да назарынан тыс қалған жоқ. Қазір қала құрылысындағы, тұрғын үйлермен әлеуметтік нысандарға қойылатын талаптар бұрынғыдан да ауырлай түсті.

Сейсмикалық қауіпсіздікті арттыру мақсатында қалада 11 мыңға жуық нысанға сейсмоаудит жасалып, сілкініске төзімділіктері бағаланды. Табиғи апат жағдайын қала тұрғындарының сақтығын күшейту үшін бірнеше рет жаттығулар өткізілді. Халықты қауіпті жағдайдан дер кезінде хабардар ету үшін жер сілкіністерін алдын ала ескертудің автоматтандырылған жүйесін қала бойынша жетілдіргені де ел амандығы үшін маңызды жұмыс саналады.

Қала қауіпсіздігі бағытында соңғы жарты ғасыр ішінде алғаш рет табиғи апат кезінде қауіп төндіруі мүмкін тау беткейлерін залалсыздандыру істері жүргізілді. Қаланы қоршаған таулардағы алты бірдей мұзды көлге профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, қалаға кіретін өзен арналарын тексеруден өткізілді. Осыларға қоса тұрғындар үшін қауіпсіз де жайлы қала құруда экологиялық қауіпсіздік пен тазалық та баса мән беріліп жатқан бағыттың бірі дер едік. Қазір қала басшылығы отандық мамандармен бірлесіп, Алматы экологиясын түбірлі жақсарту жобаларын әзірлеу үстінде. Оған қаладағы көлік

санын белгілі деңгейде шектеп, экологиялық таза қоғамдық көліктерді дамыту шаралары да кіреді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қалада халық саны да, оған ілесе көлік саны да жылдам артып келеді. Бұл – инфрақұрылымды жаңартуға қажет талаптарды да, қиындықтарды да күшейтіп жатқан құбылыс. Қаладағы көлік тығынын ретке келтіру бірнеше сатылы қадамдардан тұрады. Десе де, Алматы қаласында қазір ең маңызды стратегиялық бағыттардағы жол тығыны біртіндеп реттеліп келе жатқаны байқалады. Биыл «Құлжа» трактіндегі жолдың кеңейтілуі осындай стратегиялық қадамның бірі болды. «Құлжа» тракті, «Ташкентский» тракті, ал «Солтүстік айналма жолы» сынды маңызды дәліздер қала үшін стратегиялық маңызға ие. Бұлар Алматы қаласын Алматы облысымен ғана емес, республиканың ең маңызды дәліздеріне тұтастыратын бағыттары.

Көп жылдан бері «Алтын орда» және «Барахолка» сынды сауда кешендерінен өтетін жолдар біртіндеп ретке келтіріліп, көлік қозғалысына кедергілер азайды. Ал биыл шығыс бағыттағы «Құлжа» тракті 4 жолақты жолдан, 6 жолақты кең жолға айналды. Бұл осы бағыттан қалаға кіретін және шығатын көлік қозғалысы үшін аса маңызды. Осылайша Алматы қаласы өзінің үш негізгі стратегиялық бағыттарындағы жол қозғалысын ретке келтірудің алғашқы қадамдағы міндетін орындап шықты. Ендігі қадамда қала өзінің көлік және халық санынан келетін ішкі қысымдарды реттеудің батыл шешімдерін қолға алуы тиіс.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙҚАУ – 2025

КЕЗДЕСУ

100 ПАЙЫЗ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛДЫ

Алматыда 2 миллионнан астам адам көгілдір отын тұтынуда

«Алматыбасжоспар» ғимаратының мәжіліс залында ҚР энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев Алматы қаласы тұрғындарымен кездесті.

Айнабай
МӘДИ

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев қала халқымен кездесуінде Алматының 100 пайыз газбен қамтылғанын, соның нәтижесінде 2 миллиондай адамның көгілдір отын тұтынып отырғанын атап айтты. Осы күні Алматы қаласында 272 жанар-жағармай

күю бекеті жұмыс істеуде. Ал ондағы сұйық отын қорының көрсеткіші – 100 пайыз. Шағарда бензин маркалары: АИ-92 – 23,15, АИ-95 – 7,26, дизель отыны – 12,94 мың тонна қоры бары анықталды.

«2023 жылы Алматыда 118 мың тонна сұйытылған мұнай газы тұтынылған. 2024 жылы 9 айда бұл көрсеткіш шамамен, 131 мың тоннаға жақындады. Қалада сұйытылған мұнай газының шекті бөлікке сауда бағасына келсек, 1 литріне – 89 теңге. Өңдеуші кәсіпорындарға деген ең жоғары көтерме баға тоннасына – 45 158 теңге. Осы жылы газ қондырғысы орнатылған автокөліктер саны 661 мыңға жетті. Бұл көрсеткіш өткен жылғымен салыстырғанда, 12 пайызға өскендікті білдіреді», – деп мәлімдеді министр А.Сәтқалиев.

Министрдің есептік мәлімдемесінен соң

тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қоюға мүмкіндік алды. Атом стансасы құрылысының қазіргі жай-күйі, консорциумға мүше елдер мен осы жұмыстарға жұмсалар қаржы көлеміне қатысты сауалдар болды.

Ведомство басшысының өз аузынан бүгінде осы ретте нақты шешім қабылдау жолында біраз шаруа атқарылып жатқанын білдік. Министр сәтін салса, келер жылдың басында конкурс жеңімпазы анықталатынын айтты. Жұртшылықпен жүздесуде Алматыдағы «Жылу энергетика орталығы-2» (ЖЭО) кешенін 2026 жылы толық газға көшіру жоспарланғанын жеткізді. Неғұрлым экологиялық жағынан тиімді отын түрін пайдалану барысында аталған нысаннан атмосфераға бөлінетін зиянды қалдық мөлшері жылына 37,3-тен 2,7 мың тоннаға дейін төмендейтін тәрізді.

МЕРЕКЕЛІК
КӨҢІЛ КҮЙМегаполисте жаңажылдық
үздік безендіруге
арналған байқау басталды

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы шағын және орта бизнес өкілдері арасында қасбеттер мен оларға іргелес аумақтарды үздік жаңажылдық безендіруге арналған байқаудың басталғанын жариялады.

Қатысуға дүкендердің, қоғамдық тамақтану орындарының, қызмет көрсету саласы нысандарының иелері мен Алматының басқа да шағын және орта бизнес өкілдері шақырылды.

Өткізу мерзімі: 26 желтоқсаннан 13 қаңтарға дейін. Байқау қорытындысы 2025 жылдың 14 қаңтарында шығарылады. Байқаудың комиссия құрамына Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, салалық қауымдастықтардың өкілдері мен сарапшылар кіреді.

Жеңімпаздар төрт номинация бойынша анықталады:

- Азық-түлік дүкенін үздік безендіру – 1 млн теңге көлеміндегі жүлде;
- Азық-түлік емес дүкенді үздік безендіру – 1 млн теңге көлеміндегі жүлде;
- Қоғамдық тамақтану саласындағы нысанды үздік безендіру – 1 млн теңге мөлшерінде жүлде;
- Қызмет көрсету саласындағы нысанның үздік безендірілуі – 1 млн теңге көлеміндегі жүлде.

Бас жүлде иегері 2 млн теңге көлемінде сыйлық алады.

Бизнес нысандарын үздік жаңажылдық безендіруге арналған байқау ақшалай сыйлық алу мүмкіндігі ғана емес, бұл жаңажылдық маусымда қаланы жарқын, жайлы әрі тартымды ету мүмкіндігі. Кәсіпкерлердің атсалысуы Алматы тұрғындары мен қонақтарына мерекелік көңіл күй сыйлайды.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Алматыда мемлекет және қоғам қайраткері, ұзақ жылдар білім саласында еңбек еткен Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева тұрған Уәлиханов көшесіндегі №83 үйге ескерткіш-тақта орнатылды. Салтанатты іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Ескерткіш-тақтаның ашылуында қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев сөз алып, қайраткер қазақ қызының қасиеттеріне тоқталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

– Шәмша Көпбайқызының кезінде талай ақыл-кеңесін тыңдадым. Аз уақыт болса да мектебінен өттім деп ойлаймын. Мен ол кезде Медеу ауданы әкімінің орынбасары едім, Шәмша апаймен ақылдасуға тура келетін кездер жиі болатын. Мен ол кісінің құр-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері:

– Шәмша Беркімбаева бүкіл ғұмырын ең жауапты білім саласына арнады. Сонау Кеңес Одағының кезінде қазақ мектебінің жағдайы туралы өткір мәселені қаймықпай көтеріп, Қызылордада үлкен конференция өткізген еді. Сол жолы көптеген мәселе, көптеген түйін шешілді. Оны шешудің жолдары қарастырылды. Мен сол кезден-ақ Шәмша Көпбайқызының даналығына тәнті болған едім. Ол кісінің бойында адами қасиеті де басым болды. Ешуақытта менмен болған емес. Ұлтжанды, адамды бағалай білетін ерекше жан болды. Әлі де жүре тұрғанда ғой деймін. Еліміз үшін біраз дүние тындырар еді. Ол кісінің тағы бір мықтылығы – әттең-ай деген өкінішін сездірген емес. Еліміз әлемдегі ең алдыңғы қатарда болса екен дейтін. Сол жолда өзі адал қызмет етті де! Мына үйде Шәмша Көпбайқызы ғұмырының соңына дейін өмір сүрді. Қазір бұл үйде Шәмша әпкесімен ұзақ жылдар бірге тұрған сіңлісі Нұржамал тұрып жатыр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

делі мәселені жәй ғана, күліп отырып-ақ шешетініне тәнті болдым. Ол кісімен әлі де бірге ақылдасатын шаруа көп еді, – деді Ғани Айдарұлы.

Жиын барысында мемлекет және қоғам қайраткерлері Н.Оразалин, З.Ахметова, Г.Есімбаева, С.Асанова, Т.Абайылда, тағы да басқа кісілер сөз сөйлеп, қайраткер қазақ қызына құрмет көрсетті.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
төрағасы:

– Мемлекет және қоғам қайраткері атанған қазақ қыздары саусақпен санарлық. Сол қыздардың бірі де, бірегейі осы Шәмша апамыз еді. Өзі бір керемет кісі еді ғой. Жүзінен иманы төгіліп тұратын. Біз ол кісіні осы №12 мектепке басшы болып келген кезінен таныдық. Қазақтың тағы бір мықты ақын қызы Фариза екеуінің достығы қандай еді! Екеуінің бір-біріне деген ықыласы қандай еді! Шәмша апам мына көшенің бойымен жәйлап жүретін. Айналасына нұрын төгіп жүретін. Сосын танысын-танымасын барлық кісіге мейірленіп амандасатын. Енді міне, сол бейнесі тақтаға айналды. Тақта болып қалу – жүректе өмір бойы сақталады деген сөз.

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

ҚАРАСАЙ мен ТАЛҒАР

аудандарына екі жаңа бағыт іске қосылды

Алматыда мегаполистің агломерациямен көліктік байланысын арттыру аясында Қалалық мобильділік басқармасы 25 желтоқсаннан бастап тағы 2 қала маңындағы қоғамдық көлік бағытын іске қосты.

Мәселен, №256 маршрут «Мәдениет және демалыс саябағы – Ақтас кенті» қатынасымен және №249 маршрут «Төлеби/Яссауи» автостанциясы» – Шамалған кенті» қатынасымен «FOTON» маркалы сыйымдылығы жоғары автобустармен қызмет көрсетілетін болады. Тасымалдаушы «ECOBUS SERVICE» ЖШС, жоспарлы шығу-жылжымалы құрамның 7 бірлігі.

Жол жүру құны қалалық маршруттардағыдай 120 теңгені құрайды. Барлық автобустар Опау электронды билет жүйесімен жабдықталған.

Айта кету керек, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау Ережелеріне сәйкес, бұл маршруттар тасымалдаушыларға қызмет көрсету конкурстары өткізілгенге дейін берілген және тестілік режимде жұмыс істейтін болады. Қорытындысы бойынша қозғалыс сызбаларына жолаушылар ағыны мен халықтың қажеттілігін ескере отырып өзгерістер енгізілетін болады.

Естеріңізге сала кетейік, қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша ағымдағы жылы троллейбус паркі 112 троллейбус сатып алу есебінен 100% жаңартылды. Сондай-ақ, әкімдік 600 газ автобусы мен 100 электробус сатып алды. Жыл басынан бері ҚМБ 18 қала маңындағы және 3 қалалық маршрут ұйымдастырды.

АБАТТАНДЫРУ

ЛАНДШАФТ ЖАҢАРУДА

Қылқан жапырақты биік ағаштар отырғызылды

Алматыда көгалдандыру және экологиялық жағдайды жақсарту бағдарламасы аясында қылқан жапырақты биік ағаштар отырғызылды. Сәтбаев көшесінде 22 апатты ағаштың орнына биіктігі 6 метрден асатын 36 тыянь-шань шыршасы отырғызылды.

Жергілікті питомниктердің көшеттері қаланың климаттық жағдайына сәйкес келеді, төзімділігі жоғары және агрессивті қалалық ортаға тез бейімделе алады.

Ескі ағаштарды ауыстыру қажетті шара болды. Еске салсақ, көшпелі кеңес бары-

сында ғылыми қызметкерлердің, сарапшылардың, қоғам қайраткерлерінің және БАҚ өкілдерінің қатысуымен Сәтбаев көшесіндегі ағаштардың жағдайы бағаланды. Учаскеде ескі шыршалар өседі, олар зерттеу нәтижелері бойынша апатты деп танылып, қала тұрғындары мен қоршаған ортаға қауіпті. Сондықтан жаңаларына ауыстырылды.

Биіктігі 4-тен 6 метрге дейінгі ірі көшеттерді пайдалану ағаштардың тіршілігін жақсартуға, жетілген ландшафт жасауға және қала көшелері мен саябақтарының эстетикалық келбетін сақтауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың ұсыныстары бойынша қыста қылқан жапырақты ағаштарды отырғызу жердің жабық кесегімен жүргізілді.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

«ҚАРУЫҢ СЕНІҢ НӘЗІКТІК, ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ!»

Қазақ қыздарының парасат мектебі атанған Ұлттық қыздар педагогикалық университеті өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Университет түлегі Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен «Құрмет» орденінің иегері Ақұштап Бақтыгереева білім ордасына жырдан шашу шаша келді.



Оқу ордасында танымал ақынның 80 жылдық мерейтойына орай «Жайықтан ұшқан шағала» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Өзіміз жырын жастанып өскен «Жайықтың ақ шағаласы» атанған Ақұштап Бақтыгерееваның есімі де, шығармашылығы да халқымызға кеңінен танымал. Әсіресе, жастар үшін Ақұштап шығармалары «бойжеткеннің сырына», «бозбаланың жырына» айналды. Шығармасына қазақ қызының ибалылығын, ары мен жанын үкі еткен ақын қашаннан ұлт тәрбиешілері – болашақ аналар тәрбиесіне алаңдап, оны жырына арқау етті. Әлі де осы жолда келеді. Өзі құс болып түлеген оқу ордасының шақыртуын бірден қабыл алған ақын оқу ордасын аралап, жастық дәуренін еске алғанын жасырмады.

Кешті оқу орнының ректоры Гүлмира Қанай арнайы құттықтау сөзімен ашып, мерейтой иесіне сый-сияпат жасады. Әншейінде қолға түсе бермейтін ақынды Алматыдағы басқа да оқу ордаларының басшылары арна-

йы құттықтай келді. Осынау сырлы да, сазды кеште университет студенттері ақын апаларының жырларын нәшіне келтіре оқыса, «Тұмар» театры «Ерлікті көзбен көрген күн» атты қойылымды сахналады. Жалпы, дәл осы Ақұштаптай ақыны бар халық бақытты ғой. Ол кісінің әрбір лебізін зор ыждағаттылықпен қабылдаған қыздар да ерекше сезімде болды.

– Әрине, бүгін мен төркіндеп келген қыздаймын. Мен үшін ару болып аттап, маман болып аттанған Қыздар институтының орны ерекше, сондай ыстық. Мен өзімді бақытты санаймын, оның себебін айтпасам да біліп отырсыздар. Өзім түлеп ұшқан оқу ордасының 80 жылдық мерейтойы менің де 80 жылдық мерейтойыммен тұспа-тұс келіп жатыр. Мені анау босағадан немерелерімдей

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрдулет АҚЫШ,
ҚЖО мүшесі, филология ғылымының кандидаты:

Алаштың ардақты ақын қызы

Ақұштап Бақтыгереева – қайталанбас тұлға. Турашыл, Махамбет мінезді ақын. Өлеңінің әрбір шумағында оймақтай ой жатады. Алаштың ардақты ақын қызы түлеген оқу ордасынан әлі де талай дарынды, талантты Ақұштаптар шығары анық. Ал Қазақ қыздарының құтханасы атанған оқу ордасында тәрбие мен білімнің жалғасын таба беретіні анық. Бұл жолда университет басшылығының дәл осы бағытта жұмыс істеп отырғаны күмәнсіз. Өлең жүректен туады. Халқы мойындаған ақынның жүрегі турашылдығымен ғана емес, нәзіктігімен де ерекшеленеді. Өйткені, ақынның жан-дүниесіндегі нәзіктік оның өлеңдері арқылы көрінеді.

рихи кісілерден тәлім-тәрбие алдық. Өкінішке қарай, қазір бізге білім берген ұстаздарымыздың көзі жоқ. Бірақ әлі күнге дейін сол ұстаздарымыздың есімі ұмытылған жоқ, мәңгілік жүрегімізде сақталып қалды. Олардың салған сара жолы жалғасып жатыр, – деді Ақұштап Бақтыгереева.

Айтулы ақынмен бірге өмірлік жұбайы Ғабдырахим Жаңбырбаев та мерейлі кеш қонағы болды. Ол кісі де сонау жастық жылдарды еске алып, ерекше сезімде екенін жасырмады: «Мен тіпті ерекше қуанып отырмын. Әлгіде университет үшін аралап шықтым. Өзімнің жастығымды, алғаш ғашық болып, сезімді білдірген кездерімді еске алдым. Бір кездегі бозбала енді сол босағаны ата болып аттап отырмын», – деп ағынан жарылды.

Кеш соңында ақын Ақұштап Бақтыгереева әлі де арнайы келіп, қыздарға дәріс оқыттырып жеткізді. Университет ұжымына «Ана жүрегі» атты кітабын сыйға тартты.

ЖАН АЗЫҒЫ

«СУПЕРҚАҺАРМАНДАР АРАМЫЗДА»

Балаларға арналған жаңа форматтағы кітап жарық көрді



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында «Атамұра» баспасынан шыққан Камала Харристің «Суперқаһармандар арамызда» атты кітабының түсаукесері өтті. Мұндағы тілі жеңіл, әрі әдемі суреттерге толы кітапшаның басты ерекшелігі аудармасының құндылығында болып отыр. Кітапты ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне Жазира Мұхтарқызы Құл-Мұхаммед аударған. Ол қазақ мектебінде білім алып, Американың алдыңғы қатарлы оқу ордасын бітірген дарынды жас. Жазираның ана тіліне деген құрметі аударманың да сәтті шығуына септігін тигізіп отырса керек.

Еліміздегі алдыңғы қатарлы «Атамұра» баспасы бұған дейін «Мектеп кітапханасы» сериясымен қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын ұсынып келсе, өткен жылы баспа басшысы Рақымғали Абрарұлының жеке бастамасымен «Қазақ балалар жазушыларының антологиясы» және «Қазақ балалар ақындарының антологиясы» жеке-жеке кітап болып оқырманға жол тартты. Сонымен, жаңа кітап мектеп оқушы-

лары, әсіресе, бастауыш сыныптағы балалар үшін аса құнды. Тіпті, бұл кітапты ересектер де оқып жатса, құба-құп. Өйткені, жақында ғана АҚШ президенттігінен үміткер болған Камала Харрис туралы баршамыздың біле бермесіміз анық. Жалпы, Камала қарсыласы Дональд Трампқа қатты бәсекелестік көрсетті. Оның ежеттігін өнінен ғана емес, бала кезден-ақ суперқаһармандарды тура қасынан көріп өскені байқалады. Кітапта Камаланың АҚШ-тың бір штатының бас прокуроры қызметіне сайланған тұңғыш әйел және тұңғыш басқа нәсілді тұлға екені де айтылады. Егер Камала президент болып сайланғанда тарихта алпауыт мемлекетті басқарған ең алғашқы үндітекті тұлға болып қалар еді.

– Біздің баспа бірнеше бағытта жұмыс істейді. Соның ішінде балаларға арналған кітаптардың жөні бір бөлек. Біз шетелдік әріптестерімізбен бірігіп, аудармамен де айналысамыз. Балалар үлкен кітаптан шаршауы мүмкін. Сондықтан тілі жеңіл кітапты оқығылары келеді. Жалпы, қаһарман болу үшін не істеу керек? Үлкен биіктікті бағындырмай-ақ өзіңнің досыңа қамқор болсаң немесе игі бастамаларды қолға алып, халықтың игілігіне жарайтын істі бастасаң, бұл да қаһармандық. Мәселен, ұстаз өз бойындағы бар күш-жігерін жастарға беретін болса, ол да қаһарман болып саналады. Камала Харристің «Суперқаһармандар арамызда» кітапшасын оқыған әрбір бала өмірдің қарапайым қағидаларынан қорытынды

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Ақ желкен» журналының Бас редакторы:

Батырларды алыстан емес, жақыннан іздеу керек!

Менің жақында 5 жасқа толатын ұлым бар. Басқа балаларым одан кемі 8 жас үлкен болғандықтан, ұлым көп жағдайда ойнайтын адам таппай қалады. Екі әпкесі де, ағасы да сабақтан бас алмайды, одан қалса, күнделікті шаруамен әуре. Сондай кезде ол телефон көргісі келеді, оған көбірек тыйым саламыз. Сосын теледидарға ауысады. Одан да жалығады. Соңғы кездері Ютуб желісін меңгеріп алды. Өз қосады, өзі ажыратады. Бірақ оның да көру уақытын әжептәуір шектеп қойдық. Міне, осы кішкентай ұлым суперқаһармандарды қатты қажетсінеді. Мен жұмыстан келсем, киім ауыстырып біткенше-ақ: «Әке, сен Человек-паукті білесің бе? Суперменді ше? Мен өскенде, солар сияқты әлемді құтқарамын», – дейді қиялға беріліп. «Атамұра» басып шығарған Камала Харристің «Суперқаһармандар арамызда» деп аталатын кітабы осындай ізденімпаз, ойыппаз балаларға батырларды алыстан емес, дәл жанынан іздеу қажеттігін ескертеді.

Камаланың алғашқы қаһарманы – анасы болды. Ол кішкентай қызы аяғын апыл-тапыл басқаннан-ақ ерекше екенін сезініп өсуге жағдай жасады, аура тудырды. Ал сіңлісі Майя болса, әпкесіне үнемі сеніп отырды. Әкесі батыл болуға жетеледі. Нағашы ата-әжесі игі істерін ылғи қолдап жүрді. Жақын достары бір-біріне ерекше қамқорлық танытты. Ал ұстаздары арман-мақсатқа жетеледі. Тіпті, анасының жақын құрбысы Шелтон ханым кейде оларды өзі қарап, ерекше мейірімін төкті. Отбасымен араласатын анасының достары болса, әлемді жаңаша тануға ықпал етті. Есейіп, үлкен өмірге қадам басқанда да Харрис ханым суперқаһармандар іздеуінен танбапты. Университетке түскенде де, оқу бітіргенде де адамдардың өзіне мейлінше жақсы әсер еткенін жадына түйе жүріп, солардың еңбекқорлығынан қуат алыпты. Заңгер мамандығын алған соң, осы салада ерекше жетістікке жеткен адамдарды көріп қанаттаныпты. Харристің кітабымен таныса отырып, ең алдымен, адамның ішкі ойы нұрлы болуға тиіс екенін сезіне түссіз.

шығара басайтынына күмәнім жоқ, – дейді баспа басшысы Рақымғали Абрарұлы.

Өз елінің болашағына ерте бастан ден қоятын испан, итальян, португал, жапон, поляк, француз сынды мемлекеттер «Суперқаһармандар арамызда» кітабын өз тілдеріне аударып, басып шығарды. Алдағы уақытта осындай озық кітаптар қазақ тілінде де көптеп тарап жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, кітап ұрпақ тәрбиелеу жолындағы басты ұстаз!

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

«ТАҢҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ!»



(Басы 1-бетте)

Барлық шырша мерекесіне қатысушы балаларды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан шаһар басшысы Ерболат Досаев құттықтады. Осыдан кейін мерекелік бағдарлама басталып, ертегі кейіпкерлері Олаф пен жаңажылдық Бұғы пайда болды.

Міне, мерекенің қызығы енді басталды. Олар балалармен бірге қызықты саяхатқа аттанып, түрлі кедергілерге қарамастан, квесттерден өтіп, жұмбақтарды шешті. Балалар үшін басты мақсат – құпия сандықтың сиқырлы кілтін табу болатын. Барлық құпияны шешкен

балалар сандықты ашып, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры артистерінің «Щелкунчик» қойылымына тап болды. Бұл мерекенің шарықтау шегі еді.

Қандай керемет! Біз осынау сиқырлы ғажайыптың бір бөлігіне айналдық. Бізге осындай шатшадыман көңіл күйді аниматорлар мен қызықты тапсырмаларға толы байқау сыйлады. – Әсіресе, маған сиқырлы сандықты ашу үшін кілтті іздеген сәт ұнады. Сандықты ашып, оның ішін ашып көру үшін жұмбақтарды тез шешуіміз керек болды. Тапсырма қызықты әрі кейбіреуі күрделі болды. Бірақ біз бәрін шештік.

Бұл күн менің өмірімде ұмытылмас әсер қалдырды, – дейді №17 мектеп-интернатының оқушысы Талшын Құдұсова. Мерекелік бағдарлама аясында Аяз Ата мен Ақшақардың дәстүрлі байқауы да өтті. Мерекелік кеш соңында танымал артист SADRADDIN «Песня» атты жаңажылдық әнін орындап берді.

– Маған ертегі әлеміне енгендей әсер қалдырды, барлық жерде ғажайып атмосфера сезіледі! Өйткені, біз үшін жылдамдықты, тапқырлықты және батылдықты сынайтын қызықты ойындар мен жарыстар ұйымдастырылды. Әсіресе, ән айтып, сиқырлы кейіпкерді оятайып, оны билеуге мәжбүрлейтін раунд маған ерекше ұнады. Сәл қиындау, дегенмен өте қызықты болды. Уақытымды керемет өткіздім, тіпті өзімді ертегі кейіпкеріндей сезіндім, – деді №6 арнайы мектеп-интернатының оқушысы Арай Байбасарова.

Жаңажылдық мереке қонақтарына Қазақстан Республикасы Президентінің атынан жаңажылдық сыйлықтар тарту етілді. Балаларды Аяз аталар «Келесі кездескенше!» деп зор құрметпен шығарып салды.

«ЖЫЛ ТАҢДАУЫ-2024»

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Жаңа жыл қарсаңында еселі еңбегі еленген жандар зор құрметке бөленіп, «Жыл таңдауы» байқауының жеңімпазы атанды. Жеңімпаздардың қатарында Алматы қаласының дамып-өркендеуіне, экономикасы мен тұрғындарының денсаулығын сақтау саласына зор үлесін қосып келе жатқан нағыз өз ісінің майталмандары бар.



Сонымен, дәстүрлі «Жыл таңдауы» байқауының «Алтын адам» сыйлығына ұзақ жылдан бері денсаулық саласында жемісті, аянбай еңбек етіп келе жатқан Тимур Жолдыбеков «Жыл дәрігері», Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университетінің проректоры Ержан Күлдеев «Жыл оқымыстысы», жанкешті еңбегімен ел құрметіне бөленген Әділхан Жайдарбекұлы «Жыл құтқарушысы», қазақ өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан танымал актер Кәдірбек Демесінов «Жыл актері», музыка өнерінің дамуына зор үлесін қосқан, кесек туындылардың авторы Қуат Шілдебаев «Жыл композиторы» атанды.

Сонымен қатар, Анастасия Темкина «Жыл актрисасы», әріптесіміз Артур Платонов «Тележүргізуші», белгілі режиссер Ермек Тұрсынов «Мәдениет қайраткері», «Берег» атты Отбасылық еңбек әулеті «Қоғамдық таңдау» сыйлығының жеңімпазы атанды.

Сонымен қатар, «NetBet (Нэт-Бэт)» ЖШС, «Куликовский Казахстан» ЖШС, «Green Light Distribution» ЖШС, «VTechnology», «Цин Каз» ЖШС, Филиал ООО «Сервис ПРО», ООО «Антарес Креатив Групп», «Гербалайф Казахстан» ЖШС, «Букмекерская контора «РМ Бет» сынды ірі компаниялар да марапат иесі атанды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

АЛМАТЫ МЕТРОСЫ

Жаңа жылға орай безендірілді



Жаңа жыл қарсаңында Алматы метрополитені ерекше кейіпке еніп, бекеттер мен вагондар мерекелік жарықтармен көмкерілді. Метроның әсем декорациялармен безендірілуі тұрғындарға да жаңажылдық көңіл күй сыйлап отыр.

Әр бекетте шырша орнатылып, олар түрлі ойыншықтармен безендірілген. Ал кейбір вагонда жолаушылардың естелік суретке түсуі үшін мерекелік бұрыш ұйымдастырылған.

– Біз метродағы әрбір сапардың жолаушылар үшін сәл де болса мерекелік күйде болғанын



қалаймыз. Бекеттер мен вагондардағы әшекейлер ертегі сезімін сыйлап, мерекелік көңіл күйге бөлеу үшін жасалған, – деді метрополитеннің баспасөз қызметінің өкілі.

Қала тұрғындары мен қонақтары да мерекелік безендіруді жоғары бағалап, әлеуметтік желілерге фотосуреттерін жүктеп үлгерді.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



(Дереккөз: qazgpt.kz).



ХАЙТЕК

ChatGPT

ДАУЫСТЫҚ
КӨМЕКШІСІсөйлеу өнерін меңгеруге
көмектеседі

мен талаптарға сәйкес мамандарды табу мүмкіндігі.

• **Функциялары:** жалдау қызметтері, әкімшілік жұмыстарды автоматтандыру, кадрлық сәйкестікті қамтамасыз ету.

✓ Layer

Мақсаттарыңызды визуализациялап, тапсырмалар мен жобаларды жеңілдетуге көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі ой карталары. Бұл құрал арқылы сіз идеяларыңызды құрылымдап, тиімді жоспар құра аласыз.

• **Пайдасы:** жоспарлау мен басқаруды оңайлатады, командалық жұмысты жақсартады.

• **Икемділігі:** жеке және командалық қолдану үшін ыңғайлы.

• **Функциялары:** ой карталарын жасау, тапсырмаларды ұйымдастыру, прогресті қадағалау.

✓ Futudo

Сіздің жеке қажеттіліктеріңізді үйреніп, уақыт өте келе сәйкес әрекеттерді ұсынатын жасанды интеллект платформасы. Бұл құрал шешім қабылдау процесіндегі алаңдаушылықты азайтады.

• **Пайдасы:** жеке ұсыныстар арқылы уақытты үнемдейді, стресті азайтады.

• **Икемділігі:** жеке тәжірибеңізге бейімделеді, әртүрлі өмір салаларында қолданылады.

• **Функциялары:** пайдаланушыны талдау, әрекеттерді ұсыну, үйрену алгоритмдері.

● ТҮЙІН:

Бұл жасанды интеллект құралдары күнделікті өміріңізді жеңілдетіп, жұмысыңызды тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Олар уақытты үнемдеп, өнімділікті арттырып, стресті азайтуға көмектеседі. Жаңа технологияларды қолдана отырып, сіз өз мақсаттарыңызға тезірек және оңайырақ қол жеткізе аласыз.

Дайындаған
Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маман.

Қоғам алдында сөйлеу өнері бүгінгі заманда маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Сіз жұмыс орнында презентация жасап жатсаңыз да, іс-шарада сөз сөйлеп жатсаңыз да немесе идеяларыңызды топшен бөліссеңіз де, әсерлі сөйлей білу қабілетіңіз – сіздің жетістігіңізге ықпал етпек. Дегенмен, бұл шеберлікті меңгеру кейде қиындық туғызуы мүмкін. Бақытымызға орай, ChatGPT сияқты заманауи технологиялардың дауыс мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сіз сөйлеу дағдыларыңызды қолайлы және интерактивті ортада жаттықтыра аласыз. Осы мақалада ChatGPT дауысын пайдаланып, қоғамдық сөйлеу өнерін қалай меңгеруге болатынын қарастырамыз және сізге қадамдық нұсқаулар мен пайдалы кеңестер ұсынамыз.

мен (тақырыпты енгізіңіз) бойынша сөз сөйлеуді жаттығудамын. Әр бөлімнен кейін, зейінді тыңдаушы ретінде мазмұнды тереңірек түсіну үшін маңызды сұрақтар қойыңыз. Сондай-ақ, сөйлеу мәнеріме кері байланыс беріңіз, мысалы, жылдамдық, үн, анықтық және аудиториямен байланыс сияқты аспектілерге назар аударыңыз. Менің презентациямды максималды әсерлі ету үшін практикалық ұсыныстар бөлісіңіз».

6. Әр бөлімді жеткізіп, кері байланыс алыңыз: әр бөлімді айтып, соңында «Бітті» деп белгілеңіз және ChatGPT-ның кері байланысын күтіңіз.

7. Нұсқаулықты өзгертулермен толықтырыңыз: нұсқаулықты өз қажеттіліктеріңізге қарай бейімдеп, нақты мәліметтерді қосып, оны дәлірек етіңіз.

Қорытынды: ChatGPT дауысын пайдалану арқылы сіз қоғамдық сөйлеу дағдыларыңызды айтарлықтай жақсарта аласыз. Бұл әдіс сізге аудиториямен өзара әрекеттесуді сезінуге, сөйлеу мәнеріңізді жетілдіруге және презентацияңыздың әсерін арттыруға мүмкіндік береді.

Өнімділікті арттыратын
БЕС ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ құралы

✓ Runway

Шығармашылық жұмыстарыңызды жеңілдетуге арналған жасанды интеллект платформасы. Runway көмегімен сіз мәтін арқылы видео жасай аласыз, бір видеоны екінші видеоға түрлендіре аласыз, бейнелерді өңдеп, суреттерді генерациялап, мультимедиялық контентті оңай әзірлей аласыз.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Runway – шығармашылық адамдар үшін таптырмас құрал. Егер сіз бейнелерді өңдеумен немесе суреттерді жасаумен айналыссаңыз, Runway сізге күрделі тапсырмаларды жеңілдетуге көмектеседі. Мысалы, бейнеге арнайы эффекттер қосу немесе жаңа суреттерді генерациялау үшін бұл құралды қолдануға болады.

ElevenLabs – аудиоконтент жасауды жеңілдетеді. Егер сізде мәтіндік материалдар болса, оларды кәсіби дыбыстауға айналыдырып, аудиокітаптар немесе подкасттар жасай аласыз.

Micro1* – бағдарламалық инженерлерді тез және оңай жалдауға мүмкіндік береді. Сізге кадрларды іздеу, жалақы есептеу сияқты әкімшілік жұмыстармен айналысудың қажеті жоқ – бәрі автоматтандырылған.

Layer – ойларыңызды реттеп, жобаларыңызды тиімді басқаруға көмектеседі. Жасанды интеллекттің көмегімен сіз күрделі идеяларды түсінікті құрылымға келтіре аласыз.

Futudo – сіздің әдеттеріңіз бен қажеттіліктеріңізді үйреніп, сізге сәйкес кеңестер береді. Мысалы, күн тәртібін жоспарлауда немесе маңызды шешімдер қабылдауда көмекші бола алады.

диялық контентті оңай әзірлей аласыз.

• **Пайдасы:** күрделі шығармашылық тапсырмаларды жылдам орындайды, уақыт пен күшті үнемдейді.

• **Икемділігі:** бейнеден бастап суретке дейін әртүрлі медиамен жұмыс істейді.

• **Функциялары:** бейне өңдеу, сурет генерациясы, арнайы эффекттер қосу, коллаборация құралдары.

✓ ElevenLabs

Ұзақ форматтағы аудионы дәлдікпен құрылымдап, өңдеуге және жасауға мүмкіндік береді. Кітаптарды аудиокітаптарға, сценарийлерді дыбыстауларға айналыдырып, кәсіби сапалы аудио контентті оңай әзірлеуге болады.

• **Пайдасы:** уақыт пен күшті үнемдейді, аудиоконтент жасауды жеңілдетеді.

• **Икемділігі:** әртүрлі жобалар үшін қолайлы, подкасттардан бастап оқыту материалдарына дейін.

• **Функциялары:** аудиоөңдеу, дауысты синтездеу, контентті экспорттау.

✓ Micro1*

5000-нан астам алдын ала тексерілген бағдарламалық инженерлерге қол жеткізіп, 48 сағаттан аз уақытта мамандарды жалдауға мүмкіндік береді. Жалақы, жеңілдіктер және сәйкестік мәселелері автоматты түрде шешіледі.

• **Пайдасы:** жылдам және тиімді кадрларды жалдау процесі.

• **Икемділігі:** әртүрлі жобалар



ЕҢБЕК АДАМЫ

Қазақстандық танымал кәсіпкер, меценат Артуш Карапетян 80-нің сеңгіріне шықты. Ол іргеміздегі Алматы облысына қарасты Қаскелең ауданының «Жетісу» кеңшарында дүниеге келген. Профессор, экономика ғылымының кандидаты, Халықаралық жүзім шаруашылығы және шарап жасау академиясының академигі (Франция, 2003 ж.), шарап өндірісінің сегіз түрінің авторы және патент иегері. Еліміздегі жүзім шаруашылығын жандандыру және дамыту туралы бірқатар кітап пен жұмыстардың авторы. «Достық», «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған.

КӘСІПТІҢ ҚЫР-СЫРЫ

Жүзімнен премиум-класс өнімдер шығаратын, қазақстандық-германдық бірлескен Winnac Elite ЖШС-нің жетекшісі Артуш Карапетян осынау жасына қарамастан әлі де тың, ат үстінде, өмірге оптимистік көзқараспен қарайды, алға қойған жоспары көп.

– Шарап жасаудың құпиялары баршаға ортақ, сондай-ақ, жеке болуы да мүмкін. Жүзім өсіру мен шарап жасау жолына арнаған осынау саналы ғұмырымда менде ортақ та, жеке құпиялар да жинақталған. Бұл тәжірибелер маған шет елге барған сапарларыма оңынан пайдалануға мүмкіндік береді, – дейді Артуш Месропұлы.

Кез келген мамандық сияқты, бұл кәсіптің де ұңғыл-шұңғылы, өз қызығы, сыры бар. Жүзім өсіру үшін де асқан сауатты көзқарас керек. Бұл тұрғыда Артуш Месропұлы жүзімді дәнегінен сезіне алатынын мақтан етеді. Яғни бұл жемісті өсіру құпиясынан бастап, оларға төнген аурулармен күресу, қалай вакциналау, сабағын кесу мен өңдеуді сауатты жүргізу сынды жолдарды түгел біледі.

Жүзім өсіру мен өңдеу шебері Қазақстанның климаты, экологиялық бүгінгі ахуал жүзім өніміне де түрлі зиян келтіруі мүмкін екенін жасырмайды.

– Егінге ауа температурасы да, найзағай немесе бұршақ та теріс әсер етеді. Көктемде кенет күн салқындап кетер болса, үсік шалуы мүмкін. Тіпті, толассыз жаңбырдан кейін жүзім жапырақтарын ұнтақты шаң жауып қалады, сондықтан оларда қабықтар пайда болады. Ал бұл жеміс сапасына, беретін өнім көлеміне әсер етеді. Сондықтан мұндай жағдайда біз жүзімді өңдейтін түрлі құралдарды қолданамыз, – дейді Артуш Карапетян.

«АСТАНА» мен «АЛМАТЫ»

Иә, Winnac Elite басшысы бұл өндірісті әлемдік брендтер деңгейінен түсірмей ұстауға және өнімдердің тек жоғары сапалы ғана емес, сонымен қатар бірегей болуын қамтамасыз етуге тырысады. Сол үшін қолданылып жатқан соны үлгідегі итальяндық техника мен жаңа технологиялар әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. Түркістан облысының Сайрам ауданындағы тау бөктерінде 80 гектар жүзім алқабы бар және негізгі іргелі зауыт сол жерде жұмыс істейді. Онда озық үлгідегі заманауи итальяндық құрылғылар қолданылады. Сондықтан олар өндіретін өнімдер аса сапалы.

«Менің Қазақстаным», «Еуразия», «Астана», «Қазақ хандығы», «Алматы» – осы шарап, аққайнардың әрқайсысы бір-бірін қайталамайды, өзіндік ерекше дәмі бар. Жекелеген сорттары халықаралық байқауларда лауреат атанған.

Сонау Кеңес заманында бір кездері кеңшар, ұжымшар атаулы таратылып, экономика шатқайқтай бастаған тұста еліміздегі жүзім шаруашылығына да елеулі залал келтіріліп, жүзім алқаптары жойылып, мемлекеттік бюджетке айтарлықтай кіріс әкеліп жатқан бұл сала да құрдымға кете бастады. Сондай өліара шақта Артуш Карапетян Қазақстанның оңтүстігіндегі жүзімдіктерді сақтап қалды. Сөйтіп, осы саланың ең білікті маманы ретінде жүзім өсіруден бастап, оны зауыттарда өңдеу және фирмалық дүкендер желісі арқылы дайын өнімдерді сату сынды ең қиын сатылардан өтіп, бүгінде табиғи һәм сапалы өнімдердің бірегей алып өндірісін құра білді. Мыңдаған адамды тұрақты жұмыспен қамтыған Winnac Elite ЖШС жыл сайын республика бюджетінің бүйірін қампайтып отыр.

ТӘТТІ ШЫРЫН

– Бір кездері жүзім шаруашылығында аудандастыру тәсілі қолданылды. Мәселен, бізде жүзімнің онға жуық бөлігі сорта бар делік. Бұл рислинг, ркацители, алиготе деген француз сорттары. Біздің құлжа сорта да құрғақ шарап жасауға пайдаланылады. Кеңес заманында бізде 1982 жылға дейін шамамен 30 мың гектар жүзім алқабы болған. Бұл алқаптар негізінен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында еді.

Алматы аймағында климат сәл ылғалды, сондықтан мұнда жүзімнің негізінен аққайнар, ақ шарап дайындауға болайлы құрғақ сорттары өндірілді. Ал Шымкент өңірі ыстық аймақ болғандықтан ол жақта жүзімнің құрамында қанты жогары сорттары өсірілді. Ал жергілікті Баян-Ширей сортынан құрғақ шарап шықпайды, сондықтан қызыл



(Сурет: Teens and People)

АДАЛ ЕҢБЕК
НЕСІБЕСІЗ
ҚАЛМАЙДЫЖүзімнен премиум-класс өнімдер шығаратын
Winnac Elite ЖШС-нің жетекшісі Артуш КАРАПЕТЯН
туралы бірер сөз

шараптар жасалды, – дейді өткенге көз жүгірткен кәсіпкер.

Иә, табиғаттың өзі де кейде жақсы өнім алуға жағдай жасайтындай.

Мәселен, топырақ-климаттық жағдайлардың түрлі болып келуі және ультракүлгін сәулелің жоғары мөлшері жоғары сапалы, дәмі де үйлесімді шарап дайындап шығаруға мүмкіндік беретін көрінеді.

Дегенмен, Артуш Карапетян жақсы сусындардың дәмі олар құйылып бапталатын ыдыс-контейнерлерге байланысты екенін айтады. Жүзім өндірісінде бөшкелер бөлімі бар. Онда көлемі 400 литр болатын контейнерлер орналасқан. Бөшкелер Миланнан, Молдовадан және Армениядан арнайы сатып алынған.

ДӘСТҮРЛІ «БӨШКЕ» ТӘСІЛІ

– Неліктен армян коньяктары әрқашан үздіктердің қатарында болды? Өйткені, олар таста өсетін кавказ емен ағашынан жасалған бөшкелерде сақталды. Ол бөшкелерде таниндер мөлшері Италияда немесе басқа да танымал жерлерде жасалған бөшкелерге қарағанда үш есе жоғары, – дейді жүзім шебері.

Жүзім шырыны құйылатын бөшке-ыдыстар өсіп тұрғанына кем дегенде 80 жыл болған ағаштан жасалады. Яғни кез келген ағаш ыдысқа құя салмайды. Мәселен, Францияда мамандар тіпті есеп жүргізіп отырады. Пайдаланылған әрбір емен үшін картотека бар екен.

Емен ағашы ешбір жағдайда кесілмейді, бірақ бұтақтары үзілген жағдайда оларды ұзақ уақыт ашық ауада сақтайды. Бірнеше жыл қолданылғаннан кейін бөшкелер бөлшектеліп, олар да қайтадан арнайы технологиямен өңделеді. Біздің отандық өндірісте де бөшкелердің әрқайсысы есепте тұр.

– Бүгінде Францияда да коньяктарды емен бөшкелерде сақтамайды. Өйткені, бұл өте тиімсіз, өте қымбатқа түседі. Сондықтан шығыны, машақаты көп бренд коньяк өндіру кәсібімен айналысуға әркім құштар емес. Ешкімнің шығынға батқысы жоқ, – дейді Артуш Карапетян жүзім өндірісінің технологиясы туралы әңгімелей отырып.

Ал бізде бұл технология қатаң сақталады. Сусындар емен бөшкеде алты жылдан он екі жылға дейін тұрады. Бөшке паркі 180–200 мың дал коньяк спиртін үш жылдан алты жылға дейін сақтауға мүмкіндік береді. Міне, осындай дәстүрлі «бөшке» тәсілі мен жүзім шырынынан алынған спирттік өнімді сапалы өндіру, озық технологиямен сақтау әдісінің арқасында әйгілі кәсіпорында әрқашан сұранысқа ие бренд коньяктар шығарылады.

Сонымен қатар, шарап, коньяктар құйылатын шыны бөтелкелер Франциядан сатып алынады, ал аузына жабылатын қымбат қаппақ тығыны Португалиядан арнайы әкелінеді.

«ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯ»

– Қазіргі заманғы құю желілерінің қуаты сағатына 6 мың бөтелкеге дейін жетеді. Бізде соңғы үлгідегі

итальяндық және германдық технологиялар қолданылады. Winnac Elite заманауи еуропалық коньяк үйлерінің принципі бойынша жұмыс істейді, – дейді Артуш Карапетян.

Бұл іргелі кәсіпорында жүзім алқабынан бастап дүкен сөресіне дейінгі аралықтағы жұмыстың бәрі рет-ретімен ойландырылған. Табиғи жүзімнен өнім өндіру сапа жауапкершілігін талап етеді. Сондықтан өндірістің барлық кезеңінде қатаң техникалық бақылау жүзеге асырылады.

«Жасыл технологиялар» дәуірінде пайдаланылған жүзім сығындысы топырақты нәрлендіруге кетеді. Бірақ Артуш Карапетяның бұл тұрғыда тың ойы бар. Мәселен, жаңа технологиялар бойынша қайта өңделген материалды спирттің жаңа партиясын жасау үшін пайдалану, содан кейін косметикалық кремдер мен парфюмерия, лимонад шикізатын, сондай-ақ, топыраққа тыңайтқыш өндіру идеялары бар.

– Жүзім де тірі ағза, ол да адам сияқты өзіне мұқият күтім жасауды, көңіл бөруді талап етеді. Әрине, бүгінде жақсы өнім алу үшін қажетті жаңа технологиялар, заманауи инновациялар жеткілікті, бірақ жүзім жемісіне деген адами жанды көзқарас, сүйіспеншілік міндетті түрде керек, – дейді біздің кейіпкер.

Сондықтан болар, кәсіпорын басшысы жүзімнен жұмыс істеу мәселесінде қызметкерлеріне де, өзіне де аса талапшыл.

«ЕҢБЕК ЖОЛЫНДЫ ЕҢ АЛДЫМЕН
ЖҰМЫСШЫ БОЛУДАН БАСТА»

Артуш Карапетян бойындағы жүзім мен одан сусындар жасауға деген ынты-ықылас, осынау кәсіпке деген адалдық, құрмет сезімі оның тегінен дарыған. Сонау 1930 жылдары Қазақстанға қоныс аударған армян отбасы өзінің дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, ұрпағына жерге еңкейіп, маңдайы терлеп, адал еңбек еткеннің несібесіз қалмайтынын, сонымен қатар, атадан балаға мұра болып келе жатқан жүзім өсіру кәсібін де дарыта білді.

Ол – шарап өндірушілер әулетінің ізін, ісін жалғаушы және ата-бабасының Отанын құрмет тұтады. Бірақ Қазақстанда өсіп-өнген, тамыры осында тереңге жайылған, кәсібін де осы елде өркендеткен Артуш Карапетяның қазақ жұртына деген көңілі ерекше. Ол қазақтың салт-дәстүрлерін армян әдет-ғұрыптарынан да артық білетінін, ана тіліне қарағанда қазақша әлдеқайда жақсы сөйлейтінін де жасырмайды.

Қатардағы қарапайым жұмысшыдан бастап сыра зауытының директоры лауазымына дейін өсіп, кейін ірі өндірістік бірлестіктерді басқарған Артуш Карапетяннан бірде жастар «Миллионер болу үшін қандай жолды таңдау керек?» деп сұрады. Сонда ол «Кез келген істі толыққанды меңгергің келсе, еңбек жолыңды ең алдымен жұмысшы болудан бастағын» деп жауап бергені бар. Бұл кеңес бүгінгі барлық жастың құлағында жүрсе артық болмас деген ойдамыз.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ЖҰМЫС САПАРЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

ЖАҢА РЕФОРМА ТЕТІГІ

Алматыға жұмыс сапары барысында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова қаланың медициналық нысандарына барып, ведомствоның, Денсаулық сақтау басқармасының аумақтық бөлімшелерінің барлық басшысының, медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерінің қатысуымен, медицина жұртшылығымен кездесу өткізді.

Денсаулық министрі
Алматы жұртшылығымен
кездесті

Мұнда жыл сайын 11000-нан астам операция жасалады және пациенттерге көмек нейрохирургиялық, кардиологиялық, нефрологиялық және эндокринологиялық орталықтарды қоса алғанда, 27 клиникалық бөлімшеде көрсетіледі.

Аурухананың директоры Манас Рамазанов инновациялық емдеу әдістерін енгізу, медициналық көмектің сапасын жақсарту және қызметтердің қолжетімділігін арттыру сияқты мекеменің жетістіктері туралы айтып, таныстыру туры өткізді.

Ауруханада қалаға ғана тән бөлімшелер жұмыс істейді: эндокриндік ағзалардың патологиясы бар пациенттерді емдеуге арналған эндокринологиялық орталық және бүйрек аурулары бар пациенттерді анықтауға, емдеуге және оңалтуға мамандандырылған жалпы қалалық мәртебесі бар нефрологиялық бөлімше.

Негізгі бағыт айқын

Медициналық мекемелерге барғаннан кейін Ақмарал Әлназарова Алматы қаласының медицина жұртшылығымен кездесу өткізді. Кіріспе сөзінде ол қала дәрігерлері біліктілігінің жоғары деңгейін және мегаполистің денсаулық сақтау жүйесіне озық технологияларды енгізуді атап өтті.

Кездесу барысында жүкті және фертильдік жастағы әйелдерді прегравидарлық даярлықпен және заманауи контрацепциямен қамту, ауыр жағдайларға мониторинг жүргізуді және оларға қажетті көмек көрсету бойынша шаралар қабылдау жөніндегі жұмысты күшейтуді қажет ететін ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы

проблемалық мәселелер талқыланды. Денсаулық сақтау жүйесінің биылғы жұмысын қорытындылай келе, ол міндетті медициналық сақтандыру (ММС) жүйесіндегі реформаларға, нормативтік-құқықтық базаны қайта қарауға және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске 240-тан астам түзету әзірлеуге жеке тоқталды. Бұл іс-шаралар ММС жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруға және оның ашықтығын арттыруға бағытталған.

«Осы жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында бюджеттің мүмкіндіктерімен теңестірілетін медициналық көмектің бірыңғай пакетін (МКБП) қалыптастыруды тапсырды. Бұл пакеттен тыс барлық нәрсе медициналық сақтандыру жүйесі арқылы қамтылуы керек. Бір пакеттік қаржыландыруға көшу үшін біз үлкен талдамалық жұмыс жасап, есептеулер жүргіздік», – деп атап өтті министр.

МӘМС және МСАК

Иә, Денсаулық сақтау министрлігі 2027 жылға қарай МӘМС пакетіне медициналық-санитариялық медициналық алғашқы көмек (МСАК) қызметтерін қосуды көздейтін Бірыңғай пакетке кезең-кезеңмен көшу тетігін әзірледі.

Бұл ретте МӘМС-тегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін мемлекеттің тегін кепілдіктері (ТМККК) медициналық көмектің мынадай түрлеріне сақталады:

- жедел жәрдем;
- барлық инфекциялық ауруларды диагностикалау және емдеу;
- азаматтардың денсаулығына ең көп зиян келтіретін әлеуметтік мәні бар аурулар (туберкулез, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары, АИТВ, онкология, созылмалы гепатиттер мен бауыр циррозы, орфандық аурулар, жедел миокард инфарктісі, инсульт) кезінде диагностика, емдеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, стационарлық және стационарды алмастыратын көмек;
- өмірге қауіп төндіретін жағдайларда шұғыл стационарлық көмек;
- паллиативтік көмек;
- қан препараттарымен қамтамасыз ету.

Министр медициналық көмектің бірыңғай пакетін енгізу бірқатар оң өзгеріске әкелетінін атап өтті. Бұл ТМККК және МӘМС шекараларының айқындылығы, қызметтердің қайталануынсыз, әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған кезде зерттеп-қараулардың қолжетімділігі және МӘМС мәртебесіне қарамастан онкоскринингтерден өту, нақты шығындарға сәйкес тарифтердің өсуі. 2027 жылы қаржыландырудың басым сақтандыру моделіне көшу бойынша жұмыс аяқталады деп жоспарлануда, онда шығыстардың арақатынасы ТМККК-ге 30% (1,2 трлн теңге) және МӘМС-ке 70% (2,85 трлн теңге) болады.

● ТҮЙІН:

Жұмыс кеңесінен кейін Денсаулық сақтау министрі Алматы тұрғындарымен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Министрдің жұмыс сапары Алматының денсаулық жағдайын кешенді бағалауға, жұмыстың негізгі бағыттарын анықтауға және болашаққа жоспарларды белгілеуге мүмкіндік берді.

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастардың жағдайын жақсарту маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта елімізде көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бұл орайда алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі – АРДИ ұйымы.

1991 жылы құрылған АРДИ – мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту, әлеуметтік бейімдеу және олардың құқығын қорғау саласында жұмыс істейтін еліміздегі алғашқы ұйымдардың бірі. Бұл орталық мемлекетпен тығыз байланыста жұмыс істеп, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында көптеген әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Мемлекет бұл орталықтың қызметіне белсенді түрде қолдау көрсетеді. Орталық көптеген ата-аналар мен балалардың сеніміне ие болып отыр.

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қаржыландыруы арқасында АРДИ оңалту шараларын тегін ұсыну арқылы балалардың өмір сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосып отыр. Орталықта мүгедектіктің алдын алу, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету және физикалық оңалту бағдарламалары жүзеге асырылады. Оған қоса, орталықта ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастардың өмір сапасын жақсартуға арналған маңызды бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар:

БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ТРЕНИНГТЕР
балалардың физикалық және интеллектуалдық дамуына,
қоғамға бейімделуіне көмектеседі

- физикалық реабилитация (ЛФК, адаптивті денешынықтыру, психомоторлық дамыту, массаж, механотерапия, гидротерапия, ортопедиялық түзету, физиотерапия);
- коррекциялық-педагогикалық қызметтер (логопедиялық сабақтар, дефектологиямен жұмыс, психологиялық тренингтер, Монтессори кабинеті, сенсорлық интеграция);
- шығармашылық дамыту (арнайы арт-студия, тігін шеберханасы, театр, би студиясы, музыка сабақтары және компьютерлік сынып);
- әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу күнделікті тұрмыс дағдылары (тамақтану, киіну, гигиена, қалалық ортаға бейімделу);
- кәсіптік бағдар беру (жасөспірімдерді колледждер мен жоғары оқу орындарына дайындау);
- көпсалалы командалық жұмыс (әр баланың жеке реабилитациялық жоспары (ИПР) жасалады, нәтижелер электронды мониторингте тіркеледі);
- көлік және тамақтану (Орталық 3 микроавтобуспен тасымалдау қызметін ұсынады. Табиғи тамақтану нормаларына сәйкес ыстық тамақ ұйымдастырылады);
- мәдени және спорттық іс-шаралар (Наурыз мерекесі, балалар күні, табиғатқа шығу, бассейндерге бару, шеберлік сабақтары, басқа да мерекелер).

Аталған бағдарламалар нәтижесінде Орталық осы күнге дейін көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мұнда 2024 жылы 200-ден астам бала мен жасөспірім (ЦП диагнозымен) оңалтудан өтті. Балалар

физикалық дағдыларды игерді: олардың басын ұстау, отыру, жүру сияқты негізгі моторлық дағдыларында ілгерілеушілік байқалды. Психологиялық дамуға эмоционалды жағдайы, сөйлеу қабілеті, өзін-өзі бақылау және әлеуметтік дағдылары айтарлықтай жақсарды. Сөйлеу түсініктілігі жақсарды, фразалық сөйлеуде де ілгерілеушіліктері бар.

2023-2024 оқу жылында Орталықтан оңалтудан өткен жиырмадан астам бала мектепке, арнайы мектептерге және балабақшаларға қабылданды. 9 бала өздігінен жүруді үйренді, 7 бала алғашқы қадамдарын жасады. Бұлар Орталықтың ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жастардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмысының нәтижесі.

АРДИ балалар мен ата-аналарға көмек көрсетіп қана қоймай, қоғамның ерекше жандарға деген көзқарасын өзгерту бағдарында да жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Ұйымның қызметі ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамнан оқшауламай, толыққанды өмір сүруге бейімдеуге бағытталған. Ата-аналар арасындағы тәжірибе алмасу, қолдау топтарының жұмыс істеуі және мүгедектігі бар балаларға арналған мәдени-спорттық шаралар ерекше отбасылардың өмірін жеңілдетеді. Орталық мемлекеттік қолдаудың арқасында көптеген ата-аналар мен балаларға үміт сыйлап отыр. Басты мақсат – әрбір ерекше баланың өмірге деген құлшынысын арттыру, олардың қоғамның толыққанды мүшесі болуына жағдай жасау.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Болат ЖҮНІСБЕКОВ, жазушы:

АБАЙ «ТЕҢІЗІН» ЖАҒАЛАП ЖҮРМІН...

Хакімге «серік» болып, сырласа алған адам
жан азығын табады

Күнтізбелік Жаңа жыл қарсаңында телефоныма «тіл» бітті. Хабарласқан әріптес жазушы екен. Әдетте, сөзге сараң оның бұл жолы «қамшы» салғызар түрі жоқ. Бірден «сенің 2024-ке өкпең жоқ шығар?» деп, бастырмалата жөнелді. Тыңдап отырсам, Ұлу жылында хакім Абай туралы кітабым шығыпты... ұлы ақын туралы роман бітіріппін... Абай мен Құнанбай туралы жазғандарым БАҚ-та жүйелі басылыпты...

Әлбетте, өкпем болмаса керек. Қайта, ұлы Абай «бұлағынан» сусынымды қандырып, руханият «теңізінде» желкен көтеруге жетелеген Алла Тағаланың мейірім-шапағатына, Семейдегі ақын шаңырағына бас шырақшы болған тағдырыма тәу етемін. Ал кітаптың шығуы, жазылып бітуі, жарияланып жатуы, марапатқа ие болу, тіпті Қазақстан Жазушылар одағы басшылығының

арқасында грант алу ризашылыққа бөлейді. Бұл айтылғандар, тегінде еңбектің жемісі ғана емес, қаламға қанат байлайтын қуат көздері. Олай болса, жыл «сыбағасы» аз емес. Атап айтсам, Абай туралы «Ақиқат ұшқыны» деген кітабым жарық көрді; басты еңбегім – «Күнге асығу. Абай – Заманай сыры» атты роман-новелламды аяқтадым. Ұлы ақын туралы жазғандарым БАҚ-та үнемі жарық көруде. Оларды іздеген жан аты-жөнімізді жазса, баспасөз бен ғаламтордан оп-оңай табады.

Сондай-ақ, Қазақ Ұлттық электронды кітапханасынан (ҚазҰЭК) Абай сөзінің «сәуле-сімен» әдіптеп, бір әріппен таңбалаған «У» атты роман-эссемді («Тойымсыз болсаң тәтті де – «У») оқи аласыздар. Осы электронды кітапхана ұлы ақын тәмісілін арқау етіп («Өмірдің алды – ыстық, арты – суық...»), бірінші Қорғаныс министрі, бірінші Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов



туралы жазған «ОтАсу» атты роман-дилогиямды ұсынады.

Ақын мұрасымен жаңа танысқанда жеңілдеу еді. Тапқан «жаңалығынды» жеткізгенше асығасын. Бірақ Абай «теңізіне» біршама «бойлағанда», білмейтінінің көп екенін сезіп, жүрегің толқиды. Бастапқыда «Абай қазаққа емес, қараңғылыққа қапалы», «Алдымен жырлағаны – адам бақыты», «Жалқыға емес, жалпыға арнап жазды» десем, бұлар ақын «теңізі» лебінің жан сарайын ашқан алғашқы қуанышы ғана екен. Ал хакімге ұзағырақ «серік» болып, сырласа алған адам, ең бастысы, жан азығын табады. Әлбетте, қаламгерге жазған-дарының әдебиет сүйер қауымға жеткені ғанибет. Алайда, адам, яки қатардағы пенден үшін жаныңа рухани арқатірек табу бәрінен де қымбат. Жаратушы иеміз қазақтың маңдайына Абайдай жан азығын жазыпты. Өз басым сол Абай «теңізінің» жағасына жетіп, жан азығын тапқанымә шүкіршілік етемін.

АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ

2025 жыл – Алматы қаласы үшін ауқымды жобаларға толы жыл болмақшы. Қалалық Мәслихаттың баспасөз қызметінің хабарлауынша, құрылысы басталуға тиіс барлық әлеуметтік нысандар қала тұрғындарының жайлы өміріне негізделмекші. Әрине, бұл ретте ең алдымен қала тұрғындарының қауіпсіздігі басты назарда болары анық.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, алдағы жылы шаһарда Инновациялық шығармашылық орталықтар мен инновациялық колледж құрылысы бой көтерсе, оған қажетті қаражат жергілікті бюджет көзінен қарастырылған. Мұндай орталықтар қаламыздың жас тұрғындарының әлеуетін дамытып қана қоймай, олардың салауатты өмір сүруіне де негіз болмақшы.

Мәселен, биыл ашылған төрт Инновациялық шығармашылық орталық пен Инклюзивті білім беру орталығының нәтижелі жұмысының арқасында алматылық оқушылар республикалық және 20 халықаралық олимпиадаға қатысып, 64 алтын медальді иеленіп отыр. Жалпы, дәл осы бағыттағы жұмыстар 2025 жылы да жалғасып, тағы да екі бірдей Орталық бой көтермекші.

Бұл ретте Бостандық ауданының Вахтангов көшесі бойындағы «Даму және шығармашылық» орталығының құрылысы жалғасып, Алатау

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР қала тұрғындарының жайлы өміріне негізделген

ауданының «Саялы» ықшамауданындағы «Даму және шығармашылық орталығының» құрылысы басталатын болады. Сонымен қатар, келесі жылы «Алғабас» ықшамауданында жүріп жатқан Инновациялық техникалық колледжінің құрылысы жалғасады. Қаламыздағы №2 гуманитарлық-педагогикалық колледж бен «Телекоммуникация және машина жасау колледжінің» ғимаратына жапсарласа қосымша құрылыс салынады. Бұл білім ошағындағы орын тапшылығын азайтақ.

Қалалық Мәслихат бекіткен Алматының үш жылдық бюджеті мектептерді сейсмикалық күшейту арқылы жаңғырту жағын да қамтиды. Жалпы, Алматының бекітіліп отырған жаңа бюджетінде мектеп пен балабақшаларды жаңғыртуға және жанартуға үлкен қаражат бөлінді.

2025–2027 жылдарға арналған тиісті бюджет жобасына сәйкес, 216 мектеп, 12 интернат пен 20 колледжде оқитын 344 мың оқушының білім алуына жағдай жасау үшін шамамен 250 млрд теңге бөлініп отыр.

Мемлекет басшысының сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында 2025 жылы үш мектептің сейсмикалық күшейту жұмысы аяқталып, №50 мектеп-лицейі мен Өуезов, Бостандық және Медеу аудандарындағы жеті балабақшада күшейту жұмыстары басталмақ. Сонымен қатар, келесі жылы «Зерделі», «Шұғыла» ықшамауданында екі мектептің құрылысы аяқталып, 12 мектеп жаңартудан өтеді. Ағымдағы жылы Алматыда 11 мектепке жүргізілген күрделі жөндеу мен

сейсмикалық күшейту жұмысы аяқталды. Келесі жылы ұлттық «Жайлы мектеп» жобасы аясында 24,2 мың оқушы орнын қамтамасыз ететін 14 мектеп пайдалануға беріледі. Жаңа оқу жылына қарай оқушы орындарының тапшылығы 3-4 мың орынға дейін азаяды. Қазірдің өзінде атқарылған жұмыстардың арқасында Алматыдағы мектептер біртіндеп бір ауысымды оқу жүйесіне көше бастады.

Сәтін салса, келесі оқу жылында 200-ден астам мемлекеттік мектептің 43-і бір ауысымды оқу форматына көшетін болады. Ел экономикасының жақсара бастауының бір көрсеткіші – қала мектептерінің инфрақұрылымын жаңғырту мен дамытуға кеңінен көңіл бөлініп жатыр. Биыл 89 мектепке жаңа үлгідегі 168 кабинет сатып алынып, заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау деңгейі 86,3%-ға жетіп отыр. Сондай-ақ, 2025 жылы «Орбита-3», «Алтын-Бесік», «Кұрамы», «Шұғыла» және №10 ықшамаудандағы 5 балабақшаның құрылысын жалғастыру мен жаңартуға қаржы бөлініп отыр.

Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының 2025 жылға дейін 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды 97% мектепке дейінгі біліммен қамту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру аясында қолға алынды. Сонымен қатар, келесі жылы «Қарағайлы», «Дархан», «Нұркент» ықшамауданында 3 балабақша құрылысы бой көтермекші. Бұл нысандар пайдалануға берілсе, 2280 баланың балабақшадан орын алуына мүмкіндік береді.

БӘРЕКЕЛДІ!

РОБОТОТЕХНИКАНЫ МЕНҒЕРЕДІ

Алматы қаласы әкімдігі мен қалалық мектепке дейінгі ресурстық орталығының қолдауымен №109 балабақшада педагог Я.А.Пословскаяның робототехника бойынша авторлық бағдарламасының тұсаукесері өтті.



бастады. Қоғамдағы «күндердің күнінде» роботтар адамдардың алмастырылмайтын көмекшілері болмақ. Олардың бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына да ешкім күмән келтіре қоймас» деген қаңқу сөздер бүгінде шындыққа айнала бастағанды.

Жиынды ұйымдастырушылар мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарын оқу үдерісінде «Botley» роботының мүмкіндіктерімен таныстырып, оларды мектепке дейінгі балалар үшін қызықты және тиімді

робототехника әрекеттерін жасауға үйретті. Аталмыш шара аясында педагогтар білім беру үдерісіне жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін бағдарламалау дағдыларын базалық деңгейде дамытып, өзара іс-тәжірибе алмасты. Ұйымдастырушылар робототехниканы балалардың логика, шығармашылық және коммуникация сияқты әртүрлі құзыреттіліктерін дамыту үшін қалай қолдануға болатынын көрсетті.

Жалпы, бұл бағдарлама мектепке дейінгі білім беруде робототехниканы қолдану саласындағы педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырып, тәрбиешілердің технологияны оқыту әдістерін меңгеруіне көмектеседі. Авторлық бағдарламаның тұсаукесеріне қатысушылар «Botley» роботымен жұмыс істеу әдістерімен жан-жақты танысты. Сондай-ақ, балалардың бағдарламалау дағдыларын, логикалық ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін робототехниканы қалай пайдалану керектігімен танысуға мүмкіндік беретін шеберлік сабақтары мен практикалық жаттығуға қатысты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2754 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-648 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 қазандағы №4/524-648 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1.2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Ортақ пайдаланудағы объектілердің құрылысы үшін (саябақ) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты «BI Development Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Рахат» шағынауданы, Күлтебе көшесі, 1/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-026-994) ауданы 1,3483 га немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2755 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-518 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабының 7-тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №3/370-518 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2756 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 7 қарашадағы №54.1-54.03/147-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін («Оңтүстік» саябағының аумағын кеңейту) Гульжан Аманжоловна Елубаеваның Бостандық ауданы, Экспериментальная База көшесі, 2А мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-011-638), жалпы ауданы 1,3762 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүргінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнаммен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегігеріне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2757

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы №1/1-76 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 63-бабының 7-тармағына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы №1/1-76 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: аталған қаулының 2 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын: «2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін».
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2758 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 3 маусымдағы №112-К хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Емхана құрылысы үшін Алматы қаласының Бостандық ауданындағы Жандосов көшесінің солтүстігінде Тұрғыт Өзал көшесінің шығысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін; 2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 24 желтоқсандағы
№4/530-2758 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН
ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жунисбекова Акмарал Халиковна, Мұстафаев Ербол Сағындықұлы	20-313-033-402	Вахтангов тар көшесі, 23А үй	0,0435
2	Жунисбекова Акмарал Халиковна	20-313-033-350	Вахтангов тар көшесі, 23-үй	0,0041
3	Сағындық Бибол Ерболұлы	20-313-033-401	Вахтангов тар көшесі, 23-үй	0,0292
4	Қуатова Жамаш Кайсаровна	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0130
5	Ботанбекова Карлығаш Рахматуллаевна, Қуатова Эльвира Рахматуллаевна, Қуатов Гани Рахматуллаевич, Қуатов Ерлан Рахматуллаевич	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2-үй	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0086
6	Квитко Светлана Анатольевна	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2-үй	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0436
7	Квитко Анатолий Семенович	20-313-033-104	20-шы линия тар көшесі, 2-үй	жалпы - 0,1089 үлесі - 0,0437
8	Ахметова Анна Евгеньевна	20-313-033-010	Лебедев тар көшесі, 7А үй	0,0267
9	Вялых Людмила Алексеевна	20-313-033-117	20-шы линия тар көшесі, 2А үй	0,0467
10	Табылдиева Набира Сыртабаевна	20-313-033-070	20-шы линия тар көшесі, 4-үй	жалпы - 0,0438 үлесі - 0,0188
11	Сайдакберов Берик Алмабекович	20-313-033-070	20-шы линия тар көшесі, 4-үй	жалпы - 0,0438 үлесі - 0,0250
12	Кокшенева Анна Александровна	20-313-033-198	Вахтангов тар көшесі, 18/10 үй	жалпы - 0,0485 үлесі - 0,0246
13	Мустафина Назгуль Белгемеровна	20-313-033-198	Вахтангов тар көшесі, 18/10 үй	жалпы - 0,0485 үлесі - 0,0239
14	Пахомова Елена Геннадьевна	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 1-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0111
15	Раймова Гульстан Зкряновна	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 2-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0111

16	Алабышева Лилия Геннадьевна	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 3-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0111
17	Попова Татьяна Михайловна	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 3А пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0111
18	Дегемерзанова Сауле Темиржановна, Дегемерзанов Аскар Кабдугазыевич	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 4-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0166
19	Тян Сергей Николаевич	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 5-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0166
20	Нургожаев Өсет Мұхтарұлы, Доскелдиева Айгуль Акимжановна, Молдажанова Толкын Елжасовна, Нуражиев Нургожа, Нуражиева Алтыгхан	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 7-пәтер	жалпы - 0,0942 үлесі - 0,0166
21	Рахимов Пархат Умирбекович	20-313-033-0269	20-шы линия тар көшесі, 1-үй	0,0481
22	Репняков Валерий Павлович	20-313-033-096	20-шы линия тар көшесі, 6-үй	0,0312
23	Баер Ирина Павловна, Коротеева Елена Павловна, Зотова Екатерина Павловна, Султанбекова Анастасия Павловна	20-313-033-069	Лебедев тар көшесі, 8-үй	жалпы - 0,0499 үлесі - 0,0399
24	Муминов Арибжан Шарибжанович	20-313-033-069	Лебедев тар көшесі, 8-үй	жалпы - 0,0499 үлесі - 0,0100
25	Янковская Алина Александровна, Янковская Елена Александровна	20-313-033-262	20-шы линия тар көшесі, 5-үй	0,0559
26	Жаникеева Балжан Кайырлыновна	20-313-033-322	20-шы линия тар көшесі, 3А үй	0,0394
27	Николаенко Кирилл Иванович	20-313-033-043	Лебедев тар көшесі, 7-үй	жалы - 0,0708 үлесі - 0,0452
28	Беков Нурлан Жумалиевич	20-313-033-043	Лебедев тар көшесі, 7-үй	жалпы - 0,0708 үлесі - 0,0256
29	Акционерное общество «Алатау Жарык Компаниясы»	20-313-033-223	Жандосов көшесі, 2332 ғимарат	0,0084
30	Ким Глеб Сергеевич	20-313-033-048	Вахтангов тар көшесі, 19-үй	0,0592
31	Абракин Сергей Викторович	20-313-033-017	20-шы линия тар көшесі, 7-үй, 1-пәтер	жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0412
32	Абракин Сергей Викторович, Николаева Надежда Викторовна, Волкова Валентина Викторовна	20-313-033-017	20-шы линия тар көшесі, 7-үй, 2-пәтер	жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0197
33	Дроздова Нина Викторовна	20-313-033-017	20-шы линия тар көшесі, 7-үй	жалпы - 0,0675 үлесі - 0,0066
34	Сымтыков Мухтар Адилханович, Шарипова Светлана Абдраукновна	20-313-033-179	Лебедев тар көшесі, 6А үй, 3-пәтер	жалпы - 0,0506 үлесі - 0,0063
35	Бектурганова Галия Муратовна	20-313-033-179	Лебедев тар көшесі, 6А үй	жалпы - 0,0506 үлесі - 0,0254
36	Сдобникова Ирина Владимировна, Сдобников Артур Владимирович	20-313-033-179	Лебедев тар көшесі, 6А үй	жалпы - 0,0506 үлесі - 0,0126
37	Абрамова Екатерина Николаевна, Абрамова Татьяна Владимировна, Абрамов Олег	20-313-033-039	Вахтангов тар көшесі, 21-үй, 1-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0084
38	Абдуллина Алка Амирбековна, Абдуллин Тимур Алписабвич	20-313-033-039	Вахтангов тар көшесі, 21-үй, 2-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0211
39	Егорова Лариса Андреевна, Егорова Наталья Витальевна, Корниенко Евгения Олеговна	20-313-033-039	Вахтангов тар көшесі, 21-үй, 3-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0348
40	Джакшылыкова Алма Шамильевна	20-313-033-039	Вахтангов тар көшесі, 21-үй, 4-пәтер	жалпы - 0,0756 үлесі - 0,0113

ХАБАРЛАНДЫРУ

ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКАСЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің құрамында әкімшілік айыппұлдардың бюджетке түсуін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыстар жүргізуде. Бұл процесс заңнаманың сақталуын бақылау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады және елдегі қаржылық тәртіпті қолдауға ықпал етеді.

2024 жылдың 20 желтоқсанына дейін Департамент 988 әкімшілік хаттама жасаған, олар әртүрлі құқық бұзушылық түрлерін қамтиды. Олардың ішінде ең көп саны мемлекеттік сатып алулар, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, міндетті сақтандыру және аудиторлық қызмет салаларындағы заңнаманы бұзуға қатысты хаттамалар. Сондай-ақ, міндетті аудиттен жалтару және мемлекеттік инспекциялар мен бақылау органдарының қызметкерлеріне кедергі келтіру сияқты құқық бұзушылықтар да бар. Осы хаттамалар негізінде жалпы сомасы 121 536 258 теңге айыппұл салынған, оның 109 611 098 теңгесі өндіріліп алынған.

Департамент әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қысқартылған өндіріс рәсімін белсенді түрде қолданады, ол Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 810 және 811-баптарында қарастырылған. Бұл құқық бұзушыларға әкімшілік іс қаралғаннан кейін 7 күн ішінде айыппұл сомасының 50%-ын төлеуге мүмкіндік береді, бұл істерді шешу процесін жеделдетуге және бюджетке қаражаттың тез түсуіне ықпал етеді.

Осылайша Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бақылау тиімділігін арттыру және қаржылық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жүргізуде, бұл Қазақстан экономикасының тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды элемент болып табылады.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Айнабай Мәди

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



web.telegram.
org/k/#!/aqshamy_kz



www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ТҰСАУКЕСЕР

ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС



Ермахан – қазіргі қазақ әдебиетінде ерекше із қалдырып келе жатқан ақындардың бірі. Оның жинағында заманауи өмірдің бояуы, ұлттық құндылықтардың терең мағынасы және адам болмысының рухани ізденістері көрініс табады. «Жаңа тыныс» жинағы – автордың жаңа көзқарасы мен ізденісін көрсететін ерекше туынды. Кітапқа ақынның соңғы жылдары жазылған таңдаулы өлеңдері енген.

– Бұл жинақ – менің жүрегімнің үні, жанымның жаңғырығы. Әрбір өлең – менің өмірге деген көзқарасымның көрінісі. Осы кешке келген барша қонаққа алғысым шексіз. «Жаңа тыныс» менің ғана емес, сіздердің қолдауларыңыздың арқасында өмірге келді. Бұл – тек менің ғана емес, барша қазақ әдебиетінің жетістігі деп білемін, – деді ақын.

Кеш барысында қонақтардың ізгі тілектері мен құттықтаулары айтылып, ақынның шығармашылығына жоғары баға берілді. Сонымен қатар, ақынның кітабынан үзінділер оқылып, өлеңдерде рух пен заманауи өмірдің байланысы, адамның ішкі әлемі, табиғаттың сұлулығы мен өмірдің құндылығы ерекше суреттелгені байқалды.

Кешке келген қонақ, ақынның қызы Қырмызы Серікболқызы да әкесімен бастан өткізген қиын сәттерін еске алып, қаншама жылдар бойы әкесімен араласпағандығын айтып, қонақтарды бір толғандырып алды. Қазір әкесінің бірінші қолдаушысы өзі екенін жеткізді. Бұл шара қазақ поэзиясының жаңа кезеңін көрсетіп, ұлттық әдебиеттің дамуындағы маңызды қадам болды. Серікбол Ермаханнның «Жаңа тынысы» әрбір оқырманның жүрегіне жол табатын ерекше туынды боларына сенімдіміз.

Талантын тұншықтырып 17 жыл бойы тағдыр тәлкегіне түсіп, жаяу қой баққан ақын халыққа туындыларын ұсынып жарқ еткізді. Осы ретте Серікбол Ермаханнның «Жаңа тыныс» атты өлеңдер жинағының тұсаукесері өтті.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Шығармашылық кешке қоғам белсенділері, ақынды қолдайтын достары мен қызы, әдебиет сүйер қауым жиналды. Жиын әсерлі өтіп, ұлттық поэзияға жаңаша серпін берген туындының мәні мен маңызы кеңінен талқыланды.

Жаңа жинақ – жаңа көзқарас. Серікбол

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

«БІЗ ҚАЛАЙ СӨЙЛЕЙМІЗ?»
кітабының таныстырылымы өтті

Алматыда Ұлттық кітапханада ҚР Ақпарат саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Шалқар» радиосының қызметкері, журналист Оңғар Құралдың «Біз қалай сөйлейміз?» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Айнабай
МӘДИ

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымда журналист Оңғар Құралдың 2002–2005 жылдары Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосынан өткен «Біз қалай сөйлейміз?», 2011-2012 жылдары эфирден берілген «Тіл мәдениеті» атты авторлық бағдарламаларының мәтіндік нұсқалары топтастырылған. Жинаққа енгізілген аудиохабарлардың мәтіндік нұсқаларында тіл тазалығы, дұрыс сөйлеу мен сауатты жазу, терминдер мен ұғымдардың дұрыс аудармалары қамтылған.

Сондай-ақ, сөз тіркестерін орнымен қолдану, күнделікті айтып жүрген сөздеріміздің дұрыс-бұрыстығын бағамдау, туған тілімізге қатысты өзге де көкейкесті мәселелер кітаптың өне бойында түрлі тұлғалардың пікірлерімен талданып, тұшымды ойларымен дәйектелген. Мектеп оқушыларына, студенттерге, ұстаздарға, қолына қалам ұстаған тілші қауымға қажетті көмекші құрал боларлық кітаптың берері мол. Сонымен бірге, бұл еңбек тіл тағдырына бей-жай қарамайтын, ана тілін ардақ тұтатын әрі сауатты сөйлеуге ұмтылып, өз тілін түзегісі келетін жалпы оқырман қауымға арналғанын айтқан абзал.

Жаңа кітапты таныстыру рәсімінде бізге даусы бала кезімізден таныс «Қазақ радио-

сы» мен «Шалқар» радиосының даңқты дикторлары – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сауық Жақан мен ҚР мәдениет қайраткері Аманжан Еңсебайұлы жаңа басылымда жарияланған қымбат қазынамыз – сөйлеу мәдениетіне қатысты өз ойларын ортаға салды. Радиодан әуезді даусы, қоңыр үні барша қазақтың даласын шарлаған дара тұлғалардың үні талай қаракөздің көңіл күйін көтеріп, шабытын шарықтатып, өмірге құштарлығын арттырғаны анық. «Халық артисі» атанбаса да, халқының жүрегіне жол тапқан қос тарланның талантына тәнтіміз.

«Радиоға бағдарламаға қатысқан бір ағамыздың: «Журналистер қалай сөйлесе, ел де солай сөйлейді» деп айтқаны бар еді. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған сөз – атылған оқпен тең. Ел-жұрттың дәл солай қабылдап алатынын несіне жасырамыз. Сондықтан мағыналы сөйлеуді өзімізден бастауымыз қажет», – дейді елімізге танымал радиожурналист Оңғар Құрал.

Кітаптың таныстырылымына белгілі ғалымдар, қаламгерлер, қоғам қайраткерлері, тіл жанашырлары мен журналистер қатысып, басылымға қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

ЖЫР КЕШІ

«ӨЛЕҢ, МЕН СЕНІ АЯЛАП ӨТЕМ!...»

Поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың туғанына 85 жыл толды



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде әдебиет әлеміндегі көрнекті тұлғалардың бірі, Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына арнап ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы «Өлең, мен сені аялап өтем!...» атты жыр кешін өткізді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аталған кешке Фариза Оңғарсынованың талантына бас иген қалың оқырманы жиналды. Сондай-ақ, кезінде ақын жыр әлеміне қадам басқан сәтте тұсауын кескен, бүгінде белгілі болып танылған ақындар, жазушылар мен әдебиетшілер қатысты. Кеш барысында ақынның шығармашылық мұрасы кеңінен дәріптелді.

Алдымен үлкен экраннан Фариза Оңғарсынованың бейнесі көрсетіліп, жыр оқиды. Осынау сәтте зал іші сілтідей тынып, ақынға деген сағынышын қошеметпен білдірді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділ ҚОЙТАНОВ,
ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры:

Қазақ әдебиетінің асыл жауһары

– Біз Фаризаның жауһар жырынан нәр алдық. Ол кісінің өлеңі арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік, адамгершілік, махаббат сынды асыл қасиеттерді бойымызға дарытып, Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің асыл жауһары. Фариза жырларының өміршеңдігі әйелдің болмысы мен қоғамдағы рөлін тереңнен қозғайтын идеяларымен ерекшеленеді. Осынау жыр кеші біздің ақынға деген сағынышымыз іспетті. Біздің мақсатымыз – ақынның мұрасын дәріптеп, оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызы зор екенін көрсету.

ӨНЕГЕ

«БАТУРОВ МЕКТЕБІ»

Қоғам қайраткерінің құрметіне мемориалдық тақта орнатылды

Алматы қаласында Қазақ КСР-нің тұңғыш Энергетика және электрлендіру министрі Тимофей Иванович Батуровтың ұзақ жылдар бойы тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды. Бұл тарихи оқиға энергетика саласының дамуына зор үлес қосқан ұлы тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыруға бағытталған.

Ернұр
РЫСБАЙ

Салтанатты іс-шараға Тимофей Ивановичтің отбасы мүшелері, Қазақстан ардагер энергетиктер кеңесінің өкілдері, АлЭС және АЖК ұжымдары, сондай-ақ тұрғындар қатысты. Мемориалдық тақтаны ашу рәсімін Қазақстан Электр энергетикасы қауымдастығының ардагер энергетиктер кеңесінің төрағасы Сәбит Сейтжаппарұлы Нұрпейісов жүргізді.

Ол өз сөзінде Тимофей Батуровтың 1962 жылы Қазақ КСР-нің алғашқы Энергетика және электрлендіру министрі болып тағайындалғанын және осы қызметте 18 жыл бойы қажырлы еңбек еткенін атап өтті. Тимофей Ивановичтің есімі кәсіби ортада «Батуров мектебі» ұғымымен тығыз байланысты, бұл оның инженерлік шеберлігі мен адамдарға камқорлық көрсетуге деген адалдығын білдіреді. Тимофей Батуров 1909 жылы 3 наурызда Красноярск облысының Соколовское селосында дүниеге келген. 1936 жылы Новочеркасск индустриалды институтының Энергетика факультетін тәмамдаған соң, ол Риддердегі «Алтайполиметалл» зауытында еңбек жолын бастады. 1962 жылға дейін «Алтайэнерго» кәсіпорнында басшылық қызметтер атқарып,

кейін Қазақ КСР Энергетика министрі болды. Министр болып тұрған жылдары республикада 24 жаңа электр станциясы, оның ішінде Жамбыл МАЭС, Ермаковский МАЭС, Бұқтырма және Өскемен ГЭС-тері салынды. Сондай-ақ, 1600 шақырымдық электр беру желілері іске қосылып, энергетикалық инфрақұрылым қарқынды дамыды. Тимофей Батуровтың еңбегі жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілді. Ол Ленин ордені, Октябрь революциясы ордені, екі Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1973 жылы Алматы қаласын селден қорғау жұмыстары үшін ерекше Құрмет грамотасына ие болды. Тимофей Иванович 2001 жылы 13 қаңтарда Алматыда дүниеден озды. Дегенмен, оның мұрасы – энергетика саласындағы ірі жобалары мен шәкірттері – бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан халқының игілігіне қызмет етуде.

Салтанатты іс-шарада Тимофей Батуровтың әріптесі және шәкірті, Қазақ КСР Энергетика министрінің бұрынғы орынбасары Төлеқай Хамитұлы Мұсағалиев сөз сөйлеп, ұлы энергетиктің адами қасиеттері мен ұйымдастырушылық шеберлігі жайында естеліктерімен бөлісті. Тимофей Батуровтың еңбегі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады.